11. Лапчик М.П., Семакин И.Г., Хеннер. Е.К. Методика преподавания информатики: учебное пособие для студентов педагогических вузов – Москва: Академия, 2003. – 624 с.
12. Макарова Н.В. Информатика и ИКТ: практикум для 8-9 класса – Санкт-Петербург: Питер, 2010. – 379 с
13. Смирнов В.А., Смирнова И.М., Лащенко И.Б. Наглядная геометрия – Москва: МСНМО, 2013 – 272 с.

#### **Аннотация**

В статье представлены способы повышения уровня объяснения алгебры, геометрии и других важнейших предметов, преподаваемых в средних школах, с помощью GeoGebra. В статье поясняется, что при обучении планиметрии и математическому анализу среди предметов алгебры, геометрии учащиеся быстро понимают визуально, повышают свои мыслительные способности, то есть учащиеся легко и быстро визуализируют чертежи мысленно.

Известно, что использование программ информационных технологий, таких как GeoGebra, в средних общеобразовательных школах помогает быть в числе передовых штатов в обучении алгебре и геометрии и математическому анализу. Было проанализировано, что GeoGebra помогает учащимся визуально понять урок, повышая их интерес к предмету и способность критически мыслить.

При проведении научных исследований использовались информационно-коммуникационные технологии. Во время алгебры использовался метод тестового обсуждения.

Результаты научных исследований могут быть использованы будущими учителями математики в качестве методического пособия при составлении рисунков, столбцов и фигур, графиков функций.

#### **Abstract**

The article presents ways to improve the level of explanation of algebra, geometry and other important subjects taught in high schools using GeoGebra. The article explains that when teaching planimetry and mathematical analysis among the subjects of algebra, geometry, students quickly understand visually, increase their mental abilities, that is, students easily and quickly visualize the drawings mentally.

It is known that the use of information technology programs such as GeoGebra in secondary schools helps to be among the leading states in teaching algebra and geometry and calculus. It was analyzed that GeoGebra helps students to visually understand the lesson, increasing their interest in the subject and the ability to think critically.

When conducting scientific research, information and communication technologies were used. During algebra, the test discussion method was used.

The results of scientific research can be used by future teachers of mathematics as a teaching aid in drawing up figures, columns and figures, graphs of functions.

ӘОЖ 514.114

**М.Д. Қошанова, У.А. Хабибуллаева\***

т.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,  
Қазақстан

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,  
Қазақстан

**Email:** [Maira.koshanova@mail.ru](mailto:Maira.koshanova@mail.ru)

\***Корреспондент авторы:** [khabibullayevau@gmail.com](mailto:khabibullayevau@gmail.com)

## **ГЕОМЕТРИЯДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕҢІСТІКТЕ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

#### **Түйін**

Мектеп оқушыларының кеңістіктік ойлау қабілеттерін қалыптастыруда стереометриялық есептердің маңызы зор. Заман талабына сай ғылыми білімді игеру, теориялық және тәжірибелік

бағыттағы қызметтердің басым бөлігінде табысты жұмыс атқару, кеңістіктік бейнелермен тығыз байланысты.

Бұл мақалада оқушыларда кеңістіктік ойлауды қалыптастыру және дамыту үшін абстрактілі ойлаудың геометрия сабағындағы маңыздылығы және стереометриялық есептерді сфералық тригонометрия әдісі арқылы шығарудың тиімді болатыны қарастырылды.

Тақырып аясында оқушылардың кеңістіктік түсініктерін, логикалық ойлауларын, сыни ойлауларын және де шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізуде сызба сызу әдісі, интерактивті әдіс, стереометриялық әдіс, сфералық тригонометрия әдісі, бақылау әдістері қолданылды.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде, геометрия сабағында стереометриялық есептерді шешуде сфералық тригонометрия әдісін қолданудың тиімділігі анықталды. Берілген есептердің сызбасын сызуда интерактивті тақтаны қолдану арқылы абстракциялау, логикалық ойлау дағдыларын дамыды. Оқушылардың ойлау қабілеттерінің деңгейі кеңістіктік ойлау дағдыларына әсер ететіндігі белгілі болды. Кеңістіктік ойлау қабілеті - геометриялық нысандардың тұжырымдамасын абстрактілі түрде зерттеуде қолданылатыны айқындалды.

**Кілттік сөздер:** геометрия, стереометрия, кеңістіктік ойлау, кеңістіктік кескін, бұрыш, үшбұрыш, сызба сызу әдіс, интерактивті әдіс, сфералық тригонометрия.

**Кіріспе.** Бүгінгі күнге дейін кеңістіктік ойлаудың басты мәселесіне әлі де жеткілікті назар аударылған жоқ. Бұл туралы орта және жоғары оқу орындарының оқушылары мен студенттерінде өндірістік-техникалық және ғылыми шығармашылық міндеттерді шешу кезінде кездесетін қиындықтар дәлел бола алады. Сондықтан кеңістіктік ойлауды дамыту мәселесі орта мектепте өзекті болып табылады және үнемі зерттеушілердің назарын аударады [1]. Көптеген ғалымдардың еңбектерінде кеңістіктік ойлауды қалыптастыру, оның әртүрлі әдістерін дамыту, кеңістіктік ойлауды қажет ететін мәселелерді шешудің жолдары мен дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылады [2].

Еліміздегі және де шетелдегі ғалымдар оқушылардың кеңістіктік тұралы түсініктерін қалыптасуы және дамыуы деңгейлерін бақылауда тест жүргізудің тиімділігін анықтады және әдістеме ұсынды. Кеңістіктік ойлаудың маңыздылығы тұралы шетел ғалымдары Шиверс Э. М., Лесеман П. П. М.: «Мектепте геометрия сабағын оқыту оқушылардың кеңістіктік ойлауына, логикалық ойлауына, сыни ойлауына, креативтілік және инновациялық қабілеттерінің дамуына әсер етеді. Кеңістіктік ойлау қабілеті оқушыларда түсіну, басқару, қайта құру және ақыл – ой қабілеті ретінде қарастырылады сонымен қатар оқушылардың геометриялық объектілерді абстрактілі түрде елестетуі үшін өте маңызды».

Р.Ибрагимов және А.Е.Абылқасымовалар геометриядан стереометриялық материалдарды зерттеуге байланысты жаңа ұғымдар қалыптастыруда және есептер шешу барысында түрлі көрнекілік құралдарды пайдалану арқылы оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру мен дамыту және кеңістіктік елестетулерінің дамуына қатысты негізгі мәселелерді зерттеді [3]. Мектептерде геометриядан білім деңгейін жақсарту үшін, жаңартылған оқу бағдарламаларына сәйкес білім беруде арнайы әзірленген кредиттік жүйені енгізуді және критериалды бағалау жүйесін қолдануды ұсынды. Сонымен қатар геометрия сабақтарын қызықты өткізу үшін әр-түрлі әдіс-тәсілдермен сабақты жүргізу керектігін айтты [4].

Л.С.Выгодский мектеп бағдарламасындағы геометрияны, соның ішінде кеңістіктік туралы түсінікті қалыптастыру бойынша жүргізген зерттеу жұмысында «кеңістіктік бейнелер оқушылардың кеңістіктік ойлауының дамуына, сонымен қатар олардың қабылдауына ықпал етеді» - деп айта отырып, мектептерде кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру және дамыту мәселелері жеткілікті зерттелмегенін атап өтті .

Геометрия пәнін оқытудың міндеттерінің бірі - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Шығармашылық процесс жаңа нәрсені құрумен байланысты: жаңа

идеялар, бұрыннан белгілі білімге жаңа көзқарас, мәселелерді шешудің жаңа тәсілі, білімнің басқа салаларымен жаңа байланыстар іздеу және т.б. Тек қиялы дамыған, жаңаша ойлана алатын адам ғана ғылымның жаңа көкжиектерін көре алады. Геометрияны оқытуға шығармашылық тұрғыдан қарау үшін оқушылар кеңістіктік қиялдың жақсы деңгейіне ие болуы керек [5].

Қазіргі күнде оқушылардың білім деңгейі төмендеп барады. Олардың сабаққа қызығушылығы бәсеңдеген. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді, соның ішінде математика мен геометрияны түсініп оқу және осы пәндер бойынша есептер шығару олар үшін қиын болып көрінеді. Оқушылар кеңістіктік ойлаудың адам өмірінде маңызы зор екенін, олардың шығармашылық және де интеллектуалдық тұлғасының қалыптасуына ықпал ететінін, кез келген іс-әрекетті орындау барысында кеңістік бейнелермен жұмыс жасау керектігін біле бермейді [6].

Оқушылардың кеңістіктік ойлауын қалыптастыру, оның деңгейін көтеру, олардың стереометриядан кеңістіктік есептерін өз бетінше, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шығаруды үйренуі және оқушылар үшін есеп шығару барысында сфералық тригонометрия әдісін қолдану жаңартылған білім беру негізінде өзекті мәселе болып табылады [7].

Теориялық емес практикалық білімнің маңыздылығы және қарастырылып отырған мәселенің жеткіліксіз зерттелуі, оқушылардың осы мәселе бойынша білімдерінің төмендігі «геометриядан оқушылардың кеңістікте ойлау қабілеттерін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбын таңдауыма негіз болды.

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты - оқушылардың геометрия сабағында кеңістікте ойлау қабілеттерін дамытуға байланысты стереометриялық есептерді шешуде сфералық тригонометрия әдісін қарастыру және әдістемелік негіздеме жасау.

Зерттеу жұмысы барысында геометриядан мектеп бағдарламасындағы стереометриялық есептерді «стереометриялық әдіс» және «сфералық тригонометрия әдісі» арқылы шығаруда сызба сызу мен интерактивті әдісті қолдану қарастырылды. Бұл әдістердің қайсысы оқушылар үшін түсінікті болатынын айқындауда бақылау жүргізілді.

### **Әдістемелік бөлім.**

Зерттеу нысаны ретінде жалпы білім беретін мектептерде геометрияны оқыту үрдісі қарастырылды. Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеу әдістері кешені қолданылады, ол мыналарды қамтыды: педагогикалық әдістемелерді, математикалық әдебиеттерді, алынған мәселе бойынша бірнеше зерттеулерді, түрлі әдіс – тәсілдер негізінде берілетін есепті зерттеу және талдау; зерттеу тақырыбы бойынша теориялық деректерді талдау, қорыту; геометрияны оқытуда теориялық тәжірибелерді зерттеу.

Ғылыми зерттеу жұмысында оқушыларда кеңістіктік түсінігін дамыту бойынша алынған тәжірибені зерттеу және жинақтауға байланысты келесідей әдістер қолданылды: сызба сызу әдісі, интерактивті әдіс, стереометриялық әдіс, сфералық тригонометрия әдісі, бақылау әдісі.

Сабақ барысында стереометриялық есептерді шешуде сфералық тригонометрия әдісінің қалай қолданылуы керектігі туралы қысқаша мазмұны қарастырылды. Үшбұрышты пирамида мен сфералық үшбұрыш әдісі арасындағы сәйкестікті анықтайтын геометриялық салу әдісі көрсетілді. Бұл әдісті тек үшбұрышты пирамида үшін емес, сондай – ақ төртбұрышты, бесбұрышты және  $n$  бұрышты пирамидаға қолдануға болады. Сфералық тригонометрия әдісін қолдану үшін пирамиданың бүйір қабырғалары тең болуы қажетті шарт болып табылады, өйткені олар сфераның радиусына сәйкес келеді. Стереометриялық және сфералық тригонометрия әдістері арқылы есеп шығару барысында, қай әдістің оқушылар үшін тиімді болатыны зерттелді. Зерттеуде оқушылар ең алдымен есепті дәстүрлі әдіс арқылы, яғни стереометриялық әдісте геометриялық салу негізінде шығарды. Бұл әдіс арқылы есеп шығару оқушылар үшін үйреншікті есеп шығару әдісі болып табылады. Ал сфералық тригонометрия әдісін оқушылар кейбір жағдайларда ғана қолданады. Яғни

оқушылар геометрия сабағында берілген есепті стереометриялық және сфералық тригонометрия әдісі арқылы шығару барысында сызба сызу және де интерактивті әдістерді қолданды.


### Нәтижелер, талдау және талқылау.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі бастапқы әдістемелік, теориялық негіздерімен, зерттеудің әдістерімен, сонымен қатар теориялық зерттеу әдісінің біртұтас жүйесін пайдаланумен қамтамасыз етілген.

Кеңістіктік ойлау – бейнелі ойлаудың бір түрі. Кеңістіктік күнделікті өмірде әртүрлі іс–қимылдардың алаңы болса, геометрияда түрлі денелер қалыптасатын, орналасатын орта ретінде қарастырылады. Тарихи тұрғыдан алғашқысы және ең маңыздысы геометриялық кеңістік – үш өлшемді евклидтік кеңістік . Ол нақты кеңістіктің абстрактылы түрдегі бейнесі болып есептеледі.

Ақыл-ой әрекетінің бұл түрі бейнелерді құрастыруды және оларды шешім қабылдау процесінде қолдануды қамтамасыз етеді. «Кеңістіктік ойлау» ұғымын анықтаудың түрлі әдіс – тәсілдерін талдай отырып, бұл адамның ақыл – ой әрекетінің бір түрі деп тұжырымдалды, ол кеңістіктік бейнелерді құрастыруды, оларды кез-келген мәселелерді шешу барысында қолдану алу мүмкіндігін қарастырады. Оқушының кеңістіктік ойлауын қалыптастыру және дамыту тек арнайы сабақтарда ғана емес, таңдалған бейінді және негізінен сабақтарда жүзеге асыру мақсатталған. Әзірленген әдістеме геометрияда оқушылардың кеңістіктік ойлауының даму деңгейінің артуына ықпал етеді.

Сфералық тригонометрия – геометриядағы сфералық үшбұрыштың бұрыштары және қабырғаларының арасындағы тәуелділікті зерттейді.



Сурет 1 - үлкен үш шеңбер қиылысып нәтижесінде сегіз сфералық үшбұрыштың пайда болуы (а), үшбұрыштың бірлік сферада орналасуы және полярлық үшбұрыш (б) көрсетілді.

Сфералық тікбұрышты үшбұрыш теоремасы.

С бұрышыны тікбұрышты деп алғанда, келесідей қатынастар қарастырылады:

$$tgb = tgc \cos A,$$

$$tga = \sin b \operatorname{tg} A,$$

$$\sin a = \sin c \sin A,$$

$$\cos c = \operatorname{ctg} A \operatorname{ctg} B,$$

$$\cos A = \cos a \sin B.$$

$$\frac{\sin a}{\sin A} = \frac{\sin b}{\sin B} = \frac{\sin c}{\sin C} \quad (\text{сфералық синустар теоремасы})$$

$$\cos a = \cos b \cos c + \sin b \sin c \cos A$$

$$\cos A = -\cos B \cos C + \sin B \sin C \cos a \text{ (сфералық косинустар теоремасы)}$$

$$\sin a \cos B = \cos b \sin c - \sin b \sin c \cos A,$$

$$\sin A \cos b = \cos B \sin C - \sin B \sin C \cos a, \text{ (бес элемент формуласы)}$$

$$\sin actgB = \sin Cctgb - \cos c \cos A;$$

Бұл жерде  $A, B$  және  $C$  сфералық үшбұрыштың бұрыштары, ал  $a, b$  және  $c$  – қабырғалары болады. Берілген бұрыштың қабырғаларының белгіленуінен әртүрлі әдіспен орын алмастыру арқылы түрлендіріп, сфералық тригонометриядағы осы көрсетілген формулаға ұқсайтын, басқа формулаларды алуға болады. Сфералық тригонометрияның әртүрлі формулалары сфералық тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасы және екі катеті арқылы үш элементін анықтай алады.

Стереометриялық есептерді шешу үшін сфералық тригонометрия әдісі.

Сабақ барысында стереометриялық есептерді шешуде бұл әдісті қалай қолданылуы керектігі туралы қысқаша мазмұны қарастырылады. Үшбұрышты пирамида мен сфералық үшбұрыш әдісі арасындағы сәйкестікті анықтайтын геометриялық салу әдісі көрсетіледі. Бұл әдісті тек үшбұрышты пирамида үшін емес, сондай – ақ төртбұрышты, бесбұрышты және  $n$  бұрышты пирамидаға қолдануға болады. Сфералық тригонометрия әдісін қолдану үшін пирамиданың бүйір қабырғалары тең болуы қажетті шарт болып табылады, өйткені олар сфераның радиусына сәйкес келеді.

Сфералық тригонометрия әдісінің стереометриялық есептерді шешу барысындағы артықшылығын көрсету үшін, есепті шешуде келесідей екі әдіс қарастырылды:

1. Стереометриялық әдіс.
2. Сфералық тригонометрия әдісі.

Тапсырма. Пирамиданың табаны –  $\alpha$  сүйір бұрышы бар тік бұрышты үшбұрыш, барлық бүйір қабырғалары жазықтықпен  $\beta$  бұрышын жасайды. Пирамиданың төбесіндегі жазық бұрышты тап.

Бұл есепті екі әдіспен шығарамыз.

1 әдіс. **Стереометриялық әдіс.**

$ABC$  үшбұрышында  $ABC$  бұрышы  $\alpha$  ға тең.  $SD = h$  ( $a$ ) екені белгілі, төбесіндегі жазық бұрышты табу үшін косинустар теоремасы қолданылады.


$$BD = \frac{h}{tg \beta} = CD = AD$$

$$SB = \frac{h}{\sin \beta} = SC = SA. \text{ Екендігі белгілі}$$

$$\text{Олай болса } BC^2 = \frac{2h^2}{tg^2 \beta} (1 + \cos 2\alpha).$$

$$AC^2 = \frac{2h^2}{tg^2 \beta} (1 - \cos 3\alpha).$$

Енді  $ASC$  үшбұрышынан  $ASC$  бұрышының косинусы  $\sin^2 \beta + \cos^2 \beta \cos 2\alpha$  тең болады, және  $ASC$  бұрышы тең болады  $\arccos(\sin^2 \beta + \cos^2 \beta \cos 2\alpha)$ . Сол сияқты  $CSB$  үшбұрышында бұрыш  $CSB$  тең болады  $\arccos(\sin^2 \beta - \cos^2 \beta \cos 2\alpha)$ .



Сурет 2 -  $ABC$  үшбұрыш (а) және  $ABC$  сфералық үшбұрыш (б) кескіндері.

## 2 әдіс. Сфералық тригонометрия әдісі.

$ABC$  сфералық үшбұрышында сбұрыш  $CBD$  тең болады  $\pi - 2\alpha$ .

$$BD = AD = CD = \frac{\pi}{2} - \beta.$$

Косинустар теоремасы бойынша сфералық үшбұрыш үшін

$$\cos BC = \sin^2 \beta - \cos^2 \beta \cos 2\alpha \text{ болады.}$$

Олай болса  $CSB$  бұрышы  $\arccos(\sin^2 \beta - \cos^2 \beta \cos 2\alpha)$  ға тең болды.

Сфералық  $ACD$  үшбұрышы бойынша бұрыш  $ASC$  тең болады

$$\arccos(\sin^2 \beta + \cos^2 \beta \cos 2\alpha).$$

Стереометриялық есепті екі жолмен шығарғаннан кейін, сфералық тригонометрия әдісін кейбір жағдайларда ғана қолдану керектігі тұрally қорытынды жасалды.

Оқушылар пирамиданың планиметриялық сызбасына сүйене отырып бұл әдісті сәтті қолдануы үшін, берілген кескінді орналасуы бойынша да құрылымы бойынша да әлдеқайда күрделі кескінге өзгертуіне тура келді. Сонымен бірге, мектепте геометрияны зерттеудің стандарттық емес әдістерін қолдану оқушылардың танымдық қызығушылықтарының артуына себеп болды, бұл әдіс оқушылардың геометрияны түсініп оқытуда маңызды әдіс болып табылады.

Мектепте 11 сыныптарға өтілген геометрия сабағындағы кеңістікте берілетін стереометриялық есептерді оқушылардың жоғарыдағы көрсетілген 2 әдіс, стереометриялық және сфералық тригонометрия әдістері арқылы есеп шығару барысында, қай әдістің оқушылар үшін тиімді болатыны зерттелді. Зерттеуде оқушылар ең алдымен есепті дәстүрлі әдіс арқылы, яғни стереометриялық әдісте геометриялық салу негізінде шығарды. Бұл әдіс арқылы есеп шығару оқушылар үшін үйреншікті есеп шығару әдісі болып табылады. Ал сфералық тригонометрия әдісін оқушылар кейбір жағдайларда ғана қолданады.


Зерттеуге 11 сыныптардан 35 оқушы қатысты. Ең алдымен 11 сынып оқушыларына сабақ барысында екі әдіспен есепті шығару жолдары көрсетілді. Берілген есептің сызбасын сызу арқылы және интерактивті тақтаны қолдану арқылы оқушыларға есеп түсіндірілді. Сол бойынша оқушыларға жоғарыда көрсетілген есеп берілді, және олар есепті дәл солай екі әдіспен, стереометриялық және сфералық тригонометрия әдістері арқылы шығарды. Екі әдісті салыстыру арқылы, қай әдісті қолданғанда және де қандай жолмен сабақты түсіндіру оқушылар үшін тиімді болғандығы анықталды.

Оқушылардың кеңістікте ойлауының даму деңгейін тексеруде, берілген есептің шығару жолдарының қандай дәрежеде түсінікті болғанан анықтау үшін бақылау жүргізілді, ол оқушылардың есепті шығару жолдарын түсінуін және оларды меңгеру қабілетіні анықтауға мүмкіндік берді.

Бақылаудың нәтижесі келесідей:



■ Стереометриялық әдіс ■ Сф



Сурет 3 – Бақылау нәтижесі

Оқушылар берілген есепті екі әдіс арқылы шығарды. Стереометриялық әдісті қолданғанда 3 - суретте көрсетілгендей 35 оқушының 40% - 14 оқушы, сфералық тригонометрия әдісін қолданғанда оқушылардың 60% - 21 оқушы түсінген.

**Қорытынды.** Ғылыми зерттеу жұмысы мектеп оқушыларының кеңістікте ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту бойынша жүргізілді.

Геометрияны оқытуда оқушылардың кеңістіктік ойлауды қалыптастыру және дамыту мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізіледі. Кеңістіктік ойлаудың негізгі құрылымдық элементтерінің қалыптасуының деңгейлері мен көрсеткіштері анықталады. Зерттеу нәтижесі оқушылардың кеңістіктік ойлау деңгейінің дамуын арттыруға мүмкіндік берді.

Қолға алынған зерттеу мәселесі мектепте 11 сынып оқушыларының кеңістіктік ойлауын қалыптастыру және дамытуға бағытталған мәселелерді шешуге бағытталды.

11 сынып оқушыларына стереометриялық есепті екі түрлі әдіспен шығару арқылы, олар үшін қай әдістің тиімді екендігі анықталды. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты түсіндіру оқушылар үшін ұтымды болатыны айқындалды. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып сабақ өту барысында оқушылардың 68%, яғни 35 оқушының 24і есепті жоғарғы деңгейде меңгерген.

Зерттеудің мақсатын айқындау барысында, кеңістіктік ойлауды дамытуға бағытталған әдістерді қолданудың артықшылығы, атап айтқанда сфералық тригонометрия әдісі және тригонометриялық әдіс арқылы берілген есептерді шешудің оқушылар үшін тиімділігі және құрылған бейнені түрлендіре алуының маңызы көрсетілді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Мектеп геометрия (планиметрия) курсының оқыту әдістемесі: Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2016, Б. 7-11.
2. Баймұханов Б.Б., Ысқақова К. Мектеп оқушыларында кеңістіктік елестету қабілетін қалыптастыру. // Информатика. Физика. Математика. 1997, №1, Б. 24-26.
3. Кадаяс Х.-М. Х. Особенности пространственного мышления учащихся с художественными и математическими склонностями: Автореф. канд. дис. М., 1985, 27-28 с.
4. Тотикова Г.А. Бастауыш сынып оқушыларына математика пәнін оқыту барысында оқушылардың кеңістіктік туралы түсініктерін қалыптастыру және дамыту: диссертациялық жұмыс. Шымкент, 2021, 21-22б.
5. Воробьева Н.Г. «Развитие пространственного воображения учащихся в процессе решения геометрических задач». Москва: Просвещение, 2009, 34-36с.
6. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістері: дидактикалық және әдістемелік негіздер. Алматы: Мектеп, 2014, 48-50 б.

7. Якиманская И.С. Развитие пространственного мышления школьников. М.: Педагогика, 1980, 19-24 с.

#### **Аннотация**

Стереометрические задачи имеют большое значение в формировании пространственного мышления школьников. Владение современными научными знаниями, успешное функционирование в большей части деятельности теоретической и практической направленности, тесно связано с пространственными представлениями. В данной статье рассмотрено значение абстрактного мышления на уроке геометрии для формирования и развития пространственного мышления у учащихся и эффективность решения стереометрических задач методом сферической тригонометрии. В рамках темы были использованы методы черчения чертежей, интерактивный метод, стереометрический метод, метод сферической тригонометрии, методы контроля при проведении научных исследований по развитию пространственных представлений, логического мышления, критического мышления и творческих способностей учащихся. В результате научно-исследовательской работы выявлена эффективность использования метода сферической тригонометрии при решении стереометрических задач на уроке геометрии.

#### **Abstract**

Stereometric problems are of great importance in the formation of spatial thinking of schoolchildren. Mastering modern scientific knowledge, successful functioning in most of the theoretical and practical activities, is closely related to spatial representations. This article discusses the importance of abstract thinking in geometry lessons for the formation and development of spatial thinking in students and the effectiveness of solving stereometric problems by spherical trigonometry. Within the framework of the topic, drawing methods, interactive method, stereometric method, spherical trigonometry method, control methods for conducting scientific research on the development of spatial representations, logical thinking, critical thinking and creative abilities of students were used. As a result of the research work, the effectiveness of using the spherical trigonometry method in solving stereometric problems in a geometry lesson was revealed.

ӘОЖ 622.617. (075.8)

**Н.Е. Сапарбек, Б.М. Орынбаева\***

студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

\***Корреспондент авторы:** nagimabazarbekova@list.ru

## **ІРІ ҚАРА МАЛДАРЫНЫҢ ТУҒАННАН КЕЙІНГІ ТУЫНДАЙТЫН КЕДЕРГІЛЕРГЕ ҚАРСЫ ИОДОПЕН ПРЕПАРАТЫМЕН ЕМДЕУ**

#### **Түйін**

Мақалада арнайы бағыттандырылған ауылшаруашылық кәсіпорындар мен мал шаруашылығы өнімін өнеркәсіп технологиясы бойынша өндіретін кешендерді нәтижелі пайдалану тек қана аурулардан сақтандыру бағытындағы теориялық, методикалық және ұйымдастырушылық салаларының жеткен жетістіктерін түгелдей дерлік есепке ала отырып, сонымен қатар ауру малды дара және топтап емдеуді ары қарай дамыту-жетілдіру арқылы іс жүзіне қалай жүзеге асыруға болатындығы айтылған.

Бұл жұмыста ірі қара малдарының туғаннан кейінгі кезеңде организмінде патологиялық процестердің өрбуіне өте қолайлы жағдай туындайтындығы, жыныс жолдарының туу кезіндегі езілуі, жыртылып тарамдалуы, организмнің жалпы әлсіреуі, резистенттігінің төмендеуі, мал төлдейтін қоралардың лас болуы, көмек көрсеткенде тазалық сақтамаудан жыныс жолдарына патогенді микроорганизмдердің еніп кетуінен болатын ауруларға тоқталады. Микробтар тек қана, сырттан емес организмнің өзіндегі басқа органдардан да қан тамырлары арқылы тарап, ауру тудыруы мүмкін. Мақалада жатырдың қабынуы алғашқы кезде байқалмай қалуы, малдың жалпы жағдайында көзге түсерліктей өзгеріс болмауы, тек мал жатқан кезде ғана еденге ағып жиналып қалған кілегейлі-ірінді

экссудатты көруге болатындығы, және оның емдеу жолдары қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** Ірі қара, организм, патология, резистент, микроорганизм, микроб, кан тамырлары, жатыр, кілегейлі-ірінді, экссудат.

### Кіріспе

Уақыт өте келе жатырдың кабынғаны белгілі болады, тік ішекке қол салып карағанда жатырдың көлемі үлкен, ішіне сұйық жиналған, сипағанда жатыр жиырылмайды мал аурсынады, жатыр мойыны ашық болса, сыртқа көп мөлшерде кілегейлі немесе ірінді жалкаяқ ағып шығады. Егер де патологиялық процесс некрозды, гангренозды деңгейге өтсе, малдың жағдайы өте ауыр болады. Дене температурасы өте жоғары, тік ішекке қол салып карағанда мал ыңкылдап қатты ауырсынады, жатыр қабырғасы калыңдаған, мал бүкшиіп, құйрығын көтеріп тұрады[1]. Сиырда шудың кешеуілдеуі организмнің перикардит, эндокардит, ұлтабардың қабынуы, гастроэнтерит, гепатит, туғаннан кейінгі парез, остеомоляция және туар алдындағы жатып қалу сияқты аурулардан кейінгі әлсіреуінің салдарынан туындайды. Шудың тоқталуы бруцеллез, туберкуллез, тілме сияқты жұқпалы ауруларда, вибриозда, эхинококкозда, лептоспирозда, трихомонозда, жұқпалы вагинитте кездеседі.

Теориялық талдау. Жұқпалы аурулардың ішінде жиі бруцеллез шудың кідіруін тудырады. Шу кешеуілдеу патогенезінің негізінде зат алмасудың бұзылуымен қатар, зақымданған мүшелерден жатырға орталық жүйке жүйесі арқылы келетін жүйкерефлекторлық әсерлермен байланысты жатыр атониясының пайда болуы жатыр. Шудың жатырда және туу жолдарында қалыпсыз ұзақ уақыт бөгелуі вульва, қынап кіреберісі, қынап, жатыр мойыны, құйрық рецепторларының тітіркенуін тудырады. Рецепцияның ауқымды жерінен орталық жүйке жүйесіне келетін импульстердің ағыны бас ми қаңқасындағы қозу және тежелу процесстерінің арасындағы жаңа байланыстардың туындауына бірден – бір себепші болмай қоймайды. Жүйке-гуморальдық жүйедегі болып жатқан қозғалыстар ағзаның тіршілік әрекетінің барлық жағын қозғайды[2]. Ағзаға келетін бұл әсер ағзаның микроб токсиндерімен және шарана мен шудың шірікті ыдырауларың өнімдерімен улануының салдарын күшейтеді. Жыныс мүшесіндегі өзгерістер мен олардың қалпына келуінің кідірісінен басқа, шу кідірген уақытта жүрек – қантамыр жүйесінің, асқазан-ішек жолдарының, сүт бездерінің және тағы да басқа мүшелердің қызметінің бұзылуы пайда болады. Қан құрамында белгілі өзгерістер пайда болады. Бұл өзгерістердің ауырлығы ағзаның интоксикациялану дәрежесіне байланысты[3]. Бруцеллездегі шу кідіруінің патогенезі келесі түрде жүреді. Мал ауруға шалдыққанда бруцеллалар лимфатикалық бөгеттерден өтіп қан тамырлары жүйесіне түседі де, әр түрлі мүшелерге тарайды.

Тәжірибелік. Бруцеллалардың көбеюіне жатыр ең қолайлы орта болып табылады. Жатырда буаздық кезінде резистенттілігінің төмендеуіне байланысты, бруцеллар тудырған айқын патологиялық процесс дамиды. Плацента да қабынуға ұшырайды. Бруцеллезден туындамаған шу кешеуілдеуі кезінде жатырға микробтар ауа, төсеніштерден, жатқан кезде нәжістерден плацента арқылы енеді [4]. Туу жолдарындағы микробтардың тез көбеюі мен кері әсерлерінің күшеюі тек жергілікті қабыну процесстерін (эндометрит) тудырып қана қоймай, сонымен қатар интоксикацияның және бүкіл организмнің ауыр реакциясы - акушерлік сепсиснің пайда болуына әкеледі. Бұның барлығы шу кідіруінің тек қана жатырдың жеке ауруы ретінде ғана қарастыруға болмайтындығын көрсетеді. Бұл мал дәрігерінен ауру малды емдеудің және оның барлық жүйелерінің және мүшелерінің бұзылған функцияларын қалпына келтірудің сапалы және нәтижелі жақтарын қарастыруды талап етеді. Жатырдың қабынуы кездескен сиырларды жинап емдеу жүргіздік. Алдымызға қойылған тапсырмаларды орындау барысында бірқатар зерттеу әдістерін қолдандық. Олар ауылдық округтегі сиыр малдарының жатырдың қабынуының пайда болу себептерін анықтау, талқылау клиникалық арнайы гинекологиялық және лабораториялық зерттеулер жүргізілді.

Аурудың себебіне, клиникалық белгілеріне, зерттеуге сүйене отырып зерттеулер жүргіздік. Шаруашылықта малды клиникалық тексеруден өткізген кезде сиыр малдарының барлығын бақылауға ала отырып туудан кейінгі алғашқы тәуліктерде жіті қабынуы малдардың басына шаққанда орташа 5 пайыздан байқалғанын анықтадық. Туу 3 сатыдан тұрады: дайындық, төл шығу және шудың түсуі. Төл түскеннен кейін кіндік бау өздігінен ажырайтыны белгілі. Зерттеуде көрсетілгендей, төлдің ішкі кіндік тамырлары тартылады және құрсақ қабырғасы жағынан тромб пайда болады, ұрық қабаттары жағынан да ұрық тамырының қанының ағуына бөгет жасайды, соңында хорион ворсиндерінен карункулдың крипталарының шығуы баяулайды[5].

Талқылау. Сиырлардың шуының кідіруін алдын алу плацентаның ірі, орташа және кіші тамырларынан қанның тез жылжуын және жатырдан плацентаны тез арада қууға негізделген. Бұл әдіс емдеудің тиімділігін арттырады және сиырлардың туу қабілеттілік көрсеткіштерін жақсартады. Әдістің ең негізгі ерекшелігі болып, төл сыртқа шыққаннан кейінгі үзілген кіндіктен 8-15см ұзындықта өте өткір скальпель көмегімен кіндік тұқылын кесу болып саналады. Бұл әдіс туу процесін бақылауға, төлдің сыртқа шығу сатысын тіркеуге септігін тигізіп, жоғары профилактикалық тиімділікке ие [6].

Сиырлардың температурасы көтеріліп, малдар аздап жабыққан, күйіс қайыруы әлсіз, вульвасынан катаральды – ірінді сипатты сұйық бөлінген. Міне осы жағдайға байланысты туғаннан кейінгі жіті эндометриттің дамуына әкеліп тіреді. Сиырларды ректальды әдіспен зерттегенде жатыр жамбас қуысында, көлемі 3-4 айлық буаздыққа келетін ісікті байқауға болады[7]. Жатыр қабырғалары босаңсыған, илеген нанға ұқсас. Жиырылуы өте әлсіз, білінер- білінбес. Мүйізшелері үлкейген. Жатырды ұқалаған кезде жыныс жолдарынан ірінді – катаральды, сары – құба түсті, исі жағымсыз сұйық өте көп бөлінеді. Аналық бездері тегіс беткейлі. Вагинальды зерттеу жүргізгенде қынаптың кілегей қабаты мен жатыр мойыны ісінген, гиперемия мен жолақты қан құйылулар бар. Жатыр мойының арнасынан қабынған экссудат бөлініп тұр. Алғашқы диагнозы – туғаннан кейінгі жіті эндометрит. Толық диагнозы – жіті ірінді –катаральды эндометрит. Бөлінген сиырлардың эндометриттерін емдеп, жатырдағы қабыну процесін жою және қалпына келуін тездету үшін малдың азығын жақсартып, оны серуенге шығарып отырдық. 1-ші топ сиырларын емдеуде Зоонорм пробиотигі тиімділігін анықтау үшін біз оны емдеуге қолдандық. Жіті өте ауыр өтететін эндометтерді емдеу тиімділігін арттыру сиырлардың өсіп өну функциясы мен өнімділігін жоғарылату мақсатында жалпы және жергілікті емдеу әдістерінен тұратын кешенді тәсілдерді қолдандық.

Қорытынды. Барлық ауырған сиырларды емдеп, жатырдағы қабыну процесін жою және қалпына келуін тездету үшін малдың азығын жақсартып, оны серуенге шығарып отырдық. 1-ші топ сиырларын емдеуге жатыр ішіне Дитрим препаратын қолдандық 2-ші топ сиырларының жатырдың қабынуы пен вагитін емдеуге Зоонорм пробиотигін қолдандық 3-ші топ сиырларының жатырдың қабынуы пен вагитін емдеуге жатыр қуысын стрептомицин ерітіндісімен (100-200 мың ӘБ мөлшерінде антибиотик алып, 0,5 пайызды новокаин ерітіндісіне (15-20мл) езеді де оны жатыр қуысына жібереді) 1:5000 есе сұйытылған фурациллин ерітіндісімен жуып шайып, экзутер таяқшаларын енгіздік. Осылайша 1-ші топ сиырларына антибиотиктерді қолданбай, Дитрим сиырлардың жатырдың қабынуын емдеу мақсатында қолданып патологиялық жою мерзімін 4-5 күнге дейін қысқарттық, жатырдың қалпына келуі мен малдардың физиологиялық жағдайын жақсартуға сервис мерзімін қысқартуға көмектесті Зоонорм қолданылған малдарда 3-4 күнде клиникалық жағынан емделді деуге болады Ал дәстүрлі ем қолданылған сиырларда клиникалық жағынан емдеу 10-11 күнге созылды. Емдеу кезінде қолданылған дитрим препараты экономикалық тұрғыдан тиімді болып есептелді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мухамадиева Н.Н., Калиянова А.С., «Сиырлардың шуы тоқтауын емдеу және алдын алу шаралары» //Хабаршы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, 2010, №5, Б. 228-230.
2. Әмірбек Е. Жануарлар ауруының клиникалық диагностикасы: оқулық. Алматы: Ғылым, 2006, 105 б
3. Туребеков О.Т., Ильясов Б.К. Повышение эффективности лечения при катаральном эндометрите у коров // Вестник Семипалатинского университета им. Шакарима, 2007, №3, С. 35-36.
4. Қожанов Қ.Қ. Малдың ішкі жұқпалы емес аурулары. – Семей. – 2005. – 143-150 б.
5. Кузьмич Р. Г. Влияние сократительной функции матки на послеродовой эндометрит у коров // Ветеринария, 2000, № 2, С. 37-38.
6. Назарбеков А.Б., Тореханов А.А., Жумабаев М.Ж. Динамика роста и экономическая эффективность выращивания молодняка, от скрещивания коров зонального типа "Жетісу" и быков породы лимузин // Исследования, результаты.- 2010.- №2.- С.76-79.
7. Сабаншиев, М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Алматы: Дәуір, 2011, 480 б.

### Аннотация

В статье рассмотрено эффективное использование специально ориентированных сельскохозяйственных предприятий и комплексов, производящих продукцию животноводства по промышленной технологии, с учетом практически всех достижений теоретического, методического и организационного направлений в направлении страхования болезней, а также дальнейшего развития и улучшение лечения больных животных индивидуально и в группах, как это можно осуществить, указано на лицевой стороне.

В данной работе показано, что в период после рождения крупного рогатого скота складываются весьма благоприятные условия для развития патологических процессов в организме крупного рогатого скота, раздавливания, надрыва половых путей при рождении, общего ослабления организма, снижение резистентности, загрязнение загонов для скота, проникновение патогенных микроорганизмов в половые пути из-за отсутствия чистоты при оказании помощи. Микробы могут распространяться не только из крови, но и из других органов тела по кровеносным сосудам и вызывать заболевания.

В статье воспаление матки вначале не отмечается, заметного изменения общего состояния животного не наблюдается, кремово-гнойный экссудат можно увидеть только в положении животного на полу, и рассмотрены методы его лечение.

### Abstract

The article considers the effective use of specially oriented agricultural enterprises and complexes that produce livestock products using industrial technology, taking into account almost all the achievements of the theoretical, methodological and organizational areas in the field of disease insurance, as well as the further development and improvement of the treatment of sick animals individually and in groups, as this can be done, indicated on the front side. The article considers the effective use of specially oriented agricultural enterprises and complexes that produce livestock products using industrial technology, taking into account almost all the achievements of the theoretical, methodological and organizational areas in the field of disease insurance, as well as the further development and improvement of the treatment of sick animals individually and in groups, as this can be done, indicated on the front side.

This paper shows that in the period after the birth of cattle, there are very favorable conditions for the development of pathological processes in the body of cattle, crushing, tearing of the genital tract at birth, general weakening of the body, reduced resistance, pollution of livestock pens, penetration of pathogenic microorganisms into the genital tract due to lack of cleanliness in care. Microbes can spread not only from the blood, but also from other organs of the body through the blood vessels and cause disease.

In the article, inflammation of the uterus is not noted at first, no noticeable change in the general condition of the animal is observed, creamy-purulent exudate can be seen only in the position of the animal on the floor, and the methods of its treatment are considered

ӘОЖ 636.295.25

**Н.Е. Сапарбек, Д.Т. Рахимжанова\***

магистрант, С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Астана, Қазақстан  
в.ғ.к., доцент, С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Астана, Қазақстан

\*Корреспондент авторы: [nagimabazarbekova@list.ru](mailto:nagimabazarbekova@list.ru)

## **ІРІ ҚАРА МАЛ БАУЫРЫНДАҒЫ ЗАТ АЛМАСУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫН ЕРТЕ БАЛАУ ӘДІСІН ӘЗІРЛЕУ**

### **Түйін**

Бұл мақаладағы зерттеулер ірі қарам мал қан сарысуының биохимиялық көрсеткіштерін кешенді талдау, клиникалық сау жануарлармен салыстырғанда бауыр патологиясы бар жануарлардағы ферменттердің белсенділігін анықтау принципіне негізделген. Бұл патологиялық процестің сипатын, өзгерістердің ауырлығы мен бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы ақуыз құрамының динамикасы, оның фракцияларындағы достастық өзгерістер, билирубин концентрациясы, қан сарысуының ферментативті белсенділігі, сондай-ақ бірқатар көмекші көрсеткіштердің нормадан ауытқуы туралы алынған мәліметтерге сүйене отырып, бұзауларда бауыр патологиясы созылмалы белсенді гепатит түрінде көрінеді деп қорытынды жасауға болады, ол 3-4 жасқа дейін созылмалы тұрақты болады. 5-7 жаста, бұрын анықталған ауытқулардан басқа, обтурация құбылыстары байқалады, бұл холестатикалық гепатиттің болуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеулік жұмыстары Шымкент қаласы, «Лапиев Н.» шаруа қожалығында өткізілі.

**Кілттік сөздер:** ірі қара мал, балау, билирубин, фермент, қан сарысуы.

### **Кіріспе**

Бауыр- ірі қара мал ағзасындағы өте маңызды орган. Ол ақуыз, май және көмірсулар алмасуына тікелей қатысады, жануарды тамақпен бірге келетін токсиндердің әсерінен қорғайды, кейбір дәрумендер жасайды. Сондықтан, ірі қара мал бауырдың әртүрлі ауруларын бастан кешіреді және, әдетте, олар денеде неғұрлым ауыр бұзылуларға әкеледі. Мұндай жағдайларда жануарды құтқару үшін селекционер осындай жоспардың негізгі аурулары мен оларды қалай емдеу керектігін жақсы білуі керек.

Ірі қара мал ағзасындағы бауырдың физиологиялық рөлі өте маңызды және көп қырлы. Бауыр-метаболизмге қатысатын негізгі орган. Бауырдың негізгі функциялары. Өт түзілуі және шығарылуы – бауырдың маңызды функцияларының бірі. Өт түзілуі бауыр жасушаларының секреторлық белсенділігі нәтижесінде пайда болады. Өт компоненттері-өт пигменттері мен қышқылдары, секреторлық өнімдер және экскреттер. Өт үздіксіз шығарылады, бауырдың қанмен қамтамасыз етілуі күшейген кезде өт секрециясы артады. Жануар ағзасындағы өт липаза, ұйқы безі және ішек шырындарының әсерін күшейтеді; майларды эмульсиялайды; асқазаннан ішекке кіретін қышқыл құрамды бейтараптандыруға көмектеседі, ішек моторикасын ынталандырады.

Бауыр-көмірсулар алмасуымен байланысты химиялық процестердің көп бөлігі жүретін орталық орган. Ішекке енетін көмірсулар диабеттік ферменттердің әсерінен моносахаридтерге өтеді. Бауыр ішектен келетін қантың едәуір бөлігін ұстап, оны коллоидты полисахаридтің ерекше формасына – бауыр жасушаларында сақталатын және организмдегі көмірсулардың резерві ретінде қызмет ететін гликогенге айналдырады. Бауырдағы Гликоген инсулин гормонының қатысуымен түзіледі; инсулинге әсер етпестен, қант белсенді түрге өтіп, гликогенге айнала алмайды.

Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді орындау көзделді:

1. Бордақылаудағы және сүт кешендеріндегі ірі қара малдағы бауыр ауруларының таралуын зерттеу;
2. Қанның морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін талдау және бауырдың

нақты тестілерін қою арқылы бауыр ауруларын диагностикалау әдістеріне салыстырмалы бағалау жүргізу;

3. Ірі қара малдағы бауыр метаболизмін түзету әдістерінің экономикалық тиімділігін бағалау.

Ірі қара малдағы бауыр ауруларын диагностикалау әдістерін бағалау және гепатопротекторларды қолдану арқылы метаболизмнің бұзылған процестерін түзету әдістерін жасау.

Ірі қара малдағы метаболикалық бұзылулар өте жиі кездеседі, егер олар әрдайым клиникалық түрде көрінбесе, онда барлық жағдайларда өнімділіктің төмендеуімен, репродуктивті функциялармен және ақаулы ұрпақтардың пайда болуымен бірге жүреді.

Бауыр гомеостаз динамикасында негізгі позицияларды алатын ең ірі паренхималық орган болып табылады, бейімделу реакцияларында маңызды рөл атқарады, ол оны жүзеге асыруға қатысумен анықталады. Метаболикалық функциялар, органаралық және жүйеаралық байланыстарды сақтау. Оның негізгі функциялары келесідей: а) ас қорыту жолынан ағзаға түсетін қоректік заттарды қабылдау және тарату, олар тамыр арқылы қанмен бірге жеткізіледі. Бұл заттар гепатоциттерге енеді, химиялық түрлендірулерден өтеді және аралық немесе соңғы метаболиттер түрінде (глюкоза, амин қышқылдары, кетон денелері, май қышқылдары) қанға енеді және басқа мүшелер мен тіндерге, соның ішінде ми мен бұлшықеттерге таралады; б) басқа ұлпалар қолданатын Органикалық заттардың синтезі; в) өт түзетін орын; г) биологиялық белсенді заттардың детоксикациясы (дәрілік заттар, гормондар, улы аминдер); г) қаннан метаболизм өнімдерін несеп және нәжіс массалары арқылы шығару. Бауырдың қатысуымен метаболизмнің барлық түрлері күрделі биохимиялық және химиялық процестердің көмегімен жүзеге асырылады. Бұл тоқу бауырдың ақуыз, көмірсулар, липидтер, минералды және метаболизмнің басқа түрлеріндегі ерекше рөлін растауға мүмкіндік береді.

Ас қорыту жүйесі арқылы жем компоненттері бауырға түседі, онда олар күрделі ферментативті өңдеуден өтеді және қан айналымы жүйесіне "иесіздендірілген" түрде енеді. Бауыр сонымен қатар жылу өндірісінің маңызды көзі болып табылады. Қалыпты жұмыс істейтін бауыр организмге қоршаған орта температурасының кез - келген өзгеруіне (гипо-немесе гипертермия) дұрыс жауап беруге ықпал етеді. Бұл процестер белсенділікті өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

Зертханалық зерттеуге арналған материалдар физиологиялық еркіндік кезінде, таңертен қоректенуге дейінгі уақыт таңдалды. Зертханалық қан анализі материалды алынғаннан кейін 5-6 сағаттан кешіктірілмей жүргізілді. Эритроциттердің шөгу жылдамдығының (Панченков бойынша) мынадай көрсеткіштерін айқындай отырып, қанның жалпы (клиникалық) талдауы, гемоглобиннің құрамы - гемоглобинцианидтік әдіспен, эритроциттер мен лейкоциттердің санын есептеу - ГЦМК-3 аппаратында, лейкоциттік формуланы шығару-жалпы қабылданған әдістемелерді пайдалана отырып, Лейшман бойынша боялған жағындылардағы лейкоциттерді есептеу арқылы, сондай-ақ гемоглобиннің орташа құрамын есептеу бір эритроцитте (СГЭ) және жасушалық коэффициентті шығару, жалпы ақуызды - рефрактометриялық әдіспен, ақуыз фракцияларын айқындай отырып, қан сарысуын биохимиялық зерттеу - нефелометриялық әдіспен, альбумин-глобулиндік арақатынасты және глобулиндік индексті шығара отырып, Райтман-Френкель бойынша қан сарысуындағы трансаминазалық белсенділікті (АлАт, АсАт) айқындау, сарысулық ақуыздардың коллоидтық тұрақтылығын айқындау-Вельтман сынамасын біріздендірілген әдіспен жүргізу, өзіндік модификациялы құрылғыны қолдана отырып, пункциялық биопсия әдісімен бұзаулардың бауырын морфологиялық зерттеу, биоптаттарды бояу гематоксилинмен және гематоксилинмен жүргізілді.

Бауыр метаболизмі аминқышқылдарының өндірісімен, олардың тозуымен және жойылуымен тығыз байланысты. Әр түрлі аминқышқылдарының қоспалары бауырдың жұмысына оң әсер ететіні көрсетілген. Бауыр фибриноген, альбумин және глобулярлы

ақуыздар өндірісіне қатысады. Бұл ақуыздар қан ұйығыштары мен жараларды емдеуде өте маңызды. Сондай-ақ, бауыр қандағы әртүрлі ластаушы заттардың детоксикация процесіне қатысады. Мысалы, бауырдағы аммиак орнитин циклінде несепке айналады. Орнитин циклінің бұзылуымен гипертония немесе қабыну кезінде азот алмасуын реттеудің бұзылуы мүмкін.

Көмірсу алмасуының кезегін алмасу. Бауыр-көмірсулар алмасуымен байланысты химиялық процестердің көп бөлігі жүретін орталық орган. Ішекке енетін көмірсулар диабеттік ферменттердің әсерінен моносахаридтерге өтеді. Портал венасында қан ағымы бар моносахаридтер ең алдымен бауырға түседі. Бауыр ішектен келетін қанттың едәуір бөлігін ұстап, оны коллоидты полисахаридтің ерекше формасына – бауыр жасушаларында сақталатын және организмдегі көмірсулардың резерві ретінде қызмет ететін гликогенге айналдырады. Бауырдағы Гликоген инсулин гормонының қатысуымен түзіледі; инсулиннің әсерінсіз қант белсенді пішінге өтіп, гликогенге айнала алмайды. Сау сиырлардың бауырында гликоген 3,72-3,9% бауырдағы дистрофиялық процестері бар сиырларда гликоген қоры 0,54 – 2,7% төмендеді. Гликоген қоймаларының сарқылуы нәтижесінде бауырдың мочевиная функциясының бұзылуы орын алады. Сонымен қатар, глюкоза дененің май қоймаларынан синтезделеді, бұл бауырдың майлы дегенерациясын тудыратын кетон денелерінің шамадан тыс мөлшерінің пайда болуына әкеледі. Мүйізді жануарларда көмірсулар ұшпа май қышқылдары (сірке, пропион және май) - талшықты ашыту өнімдері түрінде сіңеді. Жоғары өнімді сиырларда глюкозаға қажеттілік артады. Бұл қанттың сүтпен жеткілікті мөлшерде шығарылуына және оның сүт безімен, жүрекпен және басқа органдармен тұтынылуына байланысты.

Ақуыз алмасуы. Бауыр ақуыз алмасуында маңызды рөл атқарады. Онда кейбір плазма ақуыздары, атап айтқанда фибриноген, протромбин және басқалары пайда болады. Ақуыз депосы бола отырып, ораза ұстаған кезде бауыр басқа мүшелерге қарағанда ақуызды бірнеше есе жоғалтады. Бауыр зақымданған кезде қан сарысуындағы ақуыздардың жалпы мөлшері азаяды.

Май алмасуы. Бауыр жасушаларында қаныққан май қышқылдары қанықпаған май қышқылдарына айналады. Фосфолипидтар да сол жерде түзіледі. Бауыр майлардың бөлінуіне белсенді қатысады. Холестерин синтезінде бауырдың рөлі анықталды.

Пигменттік алмасу. Билирубин физиологиялық және патологиялық гемолиз кезінде гемоглобиннен түзіледі. Бауыр билирубиннің пайда болуының жалғыз орны емес. Бауыр-бірқатар дәрумендердің қоймасы. Бауырда А дәрумені каротиннен синтезделеді. Бауыр гемопоэзде, ферменттер мен дәрумендердің алмасуын реттеуде үлкен рөл атқарады, ол ағзадағы қан айналымын реттеушілердің бірі және т. б.

Бауыр сынамалары бауыр аурулары кезінде жүргізілетін емнің тиімділігін бақылау үшін де қажет.

Бауыр метоболизмін ерте балау үшін тағайындалатын маңызды талдаулар: аланинаминотрансфераза; аспартатаминотрансферазалар; гамма-глутамилтрансфераза; билирубин; жалпы ақуыз (әсіресе альбумин). Бауыр тіндерінің зақымдалуымен АЛТ және АСТ деңгейінің жоғарылауы байқалады. Альбумин-бауырдың ақуызды қаншалықты жақсы өндіретіндігінің көрсеткіші. Билирубин деңгейіне сәйкес бауыр жасушаларының улы заттарды залалсыздандыру процесі қалай жүретінін анықтауға болады.

Алайда, барлық жағдайларда индикаторлардағы ауытқулар бауыр патологиясының болуын көрсете бермейді. Жалпы клиникалық көріністі жасау кезінде, сондай-ақ нақты диагноз қою үшін науқастың тарихын зерттеу, физикалық тексеру және қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізу қажет.

Ғылыми-зерттеулік тәжірибе жұмыстары Шымкент қаласы, «Лапиев Н.» шаруа қожалығында өтті. Клиникалық зерттеуге өнімділік деңгейі, жасы және физиологиялық жай - күйі бойынша ұқсас, қара-ала тұқымды 52 бұзаулы ірі қара және 27 қысыр сиыр болды.






Сурет-1. ІҚМ қан алу процесі

тобында 50 оқушы қатысқан. Эксперимент нәтижесінде мектеп оқушыларына Тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды оқыту әдістемесін негізге ала отырып, оларды өткізу жұмыстарын жоспарлау, оларды ұйымдастыру, тереңдете оқыту сабақтарды ұйымдастыру ерекшеліктері сарапталып оқушылармен жұмыс істеу тиімділігі мен сапасын жақсартудың көздері анықталынды.

Бұл жұмыс мектеп оқушыларына да, университет білімгерлеріне де, сондай-ақ математика пәні мұғаліміне де қосымша материал ретінде пайдалы болуы мүмкін.

**Кілттік сөздер:** Тригонометриялық функция, кері тригонометриялық функция, бірлік шеңбер, тікбұрышты үшбұрыш, ғылыми ізденіс, бұрыштың радиандық өлшемі, ойлау тәсілі.

### **Кіріспе.**

Бүгінгі таңда Тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды зерттеу элементар математика бөліміндегі маңызды материалдардың бірі. Севрюков П.Ф. және Смоляков А.Н. [1] деген ғалымдардың ойынша ежелгі уақыттан бері тригонометрияны үшбұрыш және шеңбер арқылы түсіндіру әртүрлі дәстүрден және әртүрлі мақсаттарда қолданылған. Үшбұрыш арқылы түсіндіру, тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары арасындағы қатынас арқылы анықталады және өзінің өлшеу әдістерін ежелгі Вавилондықтар мен Мысырлықтардан алған. Шеңбер арқылы түсіндіру болса, хордалар мен олармен байланысты доғаларға негізделген және әдістерін Гректердің жұмақтың өлшемдері туралы есептеулері мен түсініктерінен туған [3]. Қазіргі таңда, педагогикадағы ең көп таралған тригонометрия және кері тригонометрия функциясын оқыту әдістері – осы үшбұрыш арқылы және шеңбер арқылы оқыту әдістері. Бірақ 1998 жылғы зерттеуде «Жаңа математика» қозғалысы бұл әдістерді тиімсіз деп есептейді. 2011 жылғы зерттеуде Хертель бағытталған ұзындық ұғымын пайдаланып, оқушылардың тест нәтижелерінде статистикалық маңызды нәтижелерге қол жеткізді.

Ертаева С. 2020 жылғы зерттеуінде [2] Кері тригонометриялық функциялар электрондық есептеу құралдарын қолданудың өзектілігі туралы айтады.

Тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялар тақырыбы өте маңызды тақырып себебі алда зерттелетін тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу үшін қажетті фундаментті құрайды [4]. Сол себепті тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды зерттеу элементар математика курсындағы ең маңызды бөлімдерінің бірі болып анықталады.

Тригонометрия тақырыбы – элементар математиканың басқа тақырыптарымен салыстырғанда орта мектеп оқушыларының түсінуіне ең қиын тақырыптардың бірі екені белгілі. Сондықтан, математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптарда тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды зерттеу әдістемесін құру және зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Тақырыптың мақсаты - орта мектептерде тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды оқыту әдістемелерін жаңарту, тригонометрияны түсіндірудегі жаңа ақпараттық және электрондық технологияларды қолданып, оқушылардың математикалық түйсіктерін дамыту.

Тақырыптың міндеті - педагогикалық эксперимент жүргізіліп, нәтижелеріне талдау жасалып, ғылыми-зерттеу жұмысын орындау.

### **Әдістемелік бөлім.**

Зерттеу нысаны ретінде Түркістан қаласындағы Ж. Ташенов атындағы №23 ІТ-мектеп-лицейі алынды.

Педагогикалық эксперимент жүргізіліп, оған бақылау тобында 50 оқушы, эксперимент тобында 50 оқушы қатысқан. Бақылау тобындағы 25 оқушы, эксперимент тобындағы 25 оқушы 9 сынып оқушылары, себебі 9-сыныпта кері тригонометриялық функциялар



тақырыбы өтілмейді.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- Тест
- Бақылау
- Фокус-топ
- Дисперсиялық талдау
- Сауалнама

Эксперимент барысында 9-сынып оқушылары үшін тригонометриялық функцияларды бірлік шеңбер, үшбұрыш және GeoGebra бағдарламасы арқылы оқыту әдістемесінің тиімділігін тексеру үшін статистикалық талдау жүргізу кезінде екі бақылау жұмыстары жүргізілді. Оларды эксперименттік топтағы 25 оқушы және бақылау тобындағы 25 оқушы шығарды. Бақылау әдісі – әртүрлі оқыту әдістемелерін салыстыру үшін өте тиімді әдістердің бірі.

Келесі 10 сынып оқушыларынан бақылау тобынан 25 адамнан тұратын кері тригонометриялық функция тақырыбының бірлік шеңбер, үшбұрыш және GeoGebra бағдарламасы арқылы оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау үшін әдістерін екі тест жүргізілді. Тест әдісі – зерттеу барысында әртүрлі оқыту әдістемелерінің тиімділігін және нәтижелерінің динамикасын анықтау үшін алдыңғы қатарлы әдістердің бірі.

Зерттеу барысында тригонометрия және кері тригонометрия функцияларын графикке салу үшін Geogebra бағдарламасы қолданылды. Geogebra бағдарламасы көрнекі құрал ретінде оқушыларға тригонометриялық функциялар туралы түсініктерін қалыптастыруға арналған тиімді бағдарлама.

Зерттеу соңында сауалнама жүргізілді. Сауалнама ақпараттың дәлдігі мен жүйелігін қамтамасыз етеді. Бұл әдісте шығын, уақыт және құрал аз жұмсалады.


### Нәтижелер, талдау және талқылау.

Тригонометрия (грек.  $\tau\rho\iota\gamma\omega\nu\mu\epsilon\tau\rho\alpha$  – үшбұрыш және  $\mu\epsilon\tau\rho\epsilon\omega$  – өлшеу) – геометрияның үшбұрыш элементтерінің арасындағы метрикалық қатыс тригонометриялық функциялар арқылы өрнектелетін саласы [6]. Тригонометрияның негізгі мәселесі үшбұрыштың белгісіз шамаларын берілген шамалар арқылы есептеу болып табылады. Тригонометрия жазық, түзу сызықты және сфералық тригонометрия болып бөлінеді [7] (Сурет 1).


Математикада бірлік шеңбер дегеніміз – бірлік радиусы бар шеңбер [5]. Көбінесе, әсіресе тригонометрияда бірлік шеңбер деп евклидтік жазықтықтағы декарттық координаталар жүйесінде координаталар басының (0, 0) центрінде орналасқан радиусы бір шеңберді айтады (Сурет 2).

Тригонометриялық функциялар:


1. Синус — қарама-қарсы жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы;
2. Косинус — жанама катеттің гипотенузаға қатынасы (Сурет 3);
3. Тангенс — синустың косинуска қатынасы;
4. Котангес — косинустың синусқа қатынасы.



Сурет 1 - Тікбұрышты үшбұрыш.




Сурет 2 – Бірлік шеңбер және функциялар.




Сурет 3 - Бірлік шеңбердегі синус және косинус.

Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының синусы деп осы В бұрышқа қарсы жатқан катеттің гипотенузаға қатынасын айтады. А бұрышының синусы  $\sin A$  арқылы белгіленеді.  $\sin A = \frac{BC}{AB}$  (Сурет 4) [8]. Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының косинусы деп осы бұрышқа іргелес жатқан катеттің гипотенузаға қатынасын айтады А С А бұрышының косинусы  $\cos A$  арқылы белгіленеді [9].  $\cos A = \frac{AC}{AB}$ . Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының тангенсі деп осы бұрышқа қарсы жатқан катеттің іргелес жатқан катетке қатынасын айтады. А бұрышының тангенсі  $\operatorname{tg} A$  арқылы белгіленеді.  $\operatorname{tg} A = \frac{BC}{AC}$ . Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының катангенсі деп осы бұрышқа іргелес жатқан катеттің қарсы жатқан катетке қатынасын айтады [10]. А бұрышының катангенсі  $\operatorname{ctg} A$  арқылы белгіленеді.  $\operatorname{ctg} A = \frac{AC}{BC}$  (Сурет 5).



Сурет 4 - GeoGebra бағдарламасындағы синус функциясының графигі



Сурет 5 - GeoGebra бағдарламасындағы бірлік шеңбер.

Мектепте оқытуда тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялардың оқытудың 3 түрлі әдістердің тиімділігін эксперименттік тексерудің нәтижелері көрсетілген.

Педагогикалық эксперименттің негізгі мақсаты ұсынылған гипотезаны тексеру болды. Эксперименттік тексеру екі бағыт бойынша жүргізілді:

1) мектепте математиканы қолданбалы оқыту шеңберінде математика сабақтарында GeoGebra бағдарламасын пайдалану әдістемесінің тиімділігін тексеру;

2) оқушылардың тригонометрия және кері тригонометриялық функциялар бойынша алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын талдау және салыстыру.

Үшбұрыш арқылы түсіндіру бойынша 1 тест нәтижелері кері тригонометриялық функциялар тақырыбындағы есептерді өте жақсы меңгергендігін көрсетеді. Екінші тапсырма тригонометриялық функцияның күрделі есептерін шешу болды. Бұл тапсырма тригонометриялық функциялардың мағынасын түсінуге және практикалық орталарда

қолдануға бағытталған. Мұнда біз модельді таңдау кезеңінде барлығы жақсы көрсеткіш көрсетті, содан кейін оқушылардың 11,6% қателіктер жіберді.

Тесттің алғашқы тапсырмасы 2 тақырып тригонометриялық функциялардың графиктерін пайдалану қабілетін тексеруге бағытталған, мұнда оқушылардың тек 68,6% – ы ғана жұмыс істеді, ал 13,1% – ы тіпті есепті шешіп бастамады.

Мұндай нәтиже көптеген тригонометриялық функциялардың қолдануын талдауымен байланысты болды. Екінші тапсырма тригонометриялық функциялардың геометриялық интерпретациясы бойынша оларды түсінуге бағытталған. Бұл тапсырма оқушыларға өте ұнады, көптеген практикалық шешімдер ұсынылды.

Талдау көрсеткендей, курстың геометриялық материалы студенттерге түсініктірек. Математиканы оқытудың мотивациясын анықтау үшін сауалнама қолданылды. Сауалнамаларда мектеп пәндері, соның ішінде алгебра мен геометрия пәндері бойынша оқушылардың қызығушылықтарын картаға түсіру үшін барлығы 114 сұрақ болды.

10-сыныптағы эксперименттік және бақылау топтарынан 50 оқушыдан сауалнама лынды. Алгебра геометрия пәндері бойынша оқуға деген зейіндері эксперимент аяқталғаннан кейін эксперименттік топтағы ынталандыру деңгейінің өсуі бақылаумен салыстырғанда сәйкесінше 18%, 14% және 15% құрады.

Қорытындыда зерттеу қорытындылары тұжырымдалып, негізгі нәтижелер баяндалған:

1) тригонометрияны оқыту процесінде компьютерлік технологияларды пайдаланудың педагогикалық және әдістемелік ерекшеліктерін ғылыми-педагогикалық талдау негізінде Geogebra бағдарламасы арқылы шешуге оқыту әдістемесі негізінде математиканың мектеп курсының қолданбалы аспектілерін күшейту мүмкіндігі белгіленген;

2) теориялық талдау және эмпирикалық тәжірибе негізінде жалпы білім беретін мектепте тригонометриялық функция және кері тригонометриялық функцияларды оқыту процесінде практикалық мазмұны бар есептерді шешу үшін компьютерлік математикалық жүйелерді пайдалану тәсілдері мен қағидаттары анықталып, негізделген;

3) Үшбұрыш және бірлік шеңбер арқылы тригонометриялық функцияларды оқыту әдістерін пайдалана отырып, мектеп математика курсының қолданбалы бағытын іске асырудың дидактикалық жүйесі әзірленді және теориялық тұрғыдан негізделді;

4) жалпы білім беретін мектепте математика сабақтарында үшбұрыш және бірлік шеңбер арқылы есептерді шешуге арналған оқыту әдістемесі әзірленді және іске асырылды.

Эксперимент нәтижесінде мектеп оқушыларына Тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды оқыту әдістемесін негізге ала отырып, оларды өткізу жұмыстарын жоспарлау, оларды ұйымдастыру, тереңдете оқыту сабақтарды ұйымдастыру ерекшеліктері сарапталып оқушылармен жұмыс істеу тиімділігі мен сапасын жақсартудың көздері анықталған.

### **Қорытынды**

Тригонометриялық және кері тригонометриялық функциялар тақырыбына арналған есептерді шығару әдістемесін қолдану арқылы математикалық білім беруді жоғары сатыға көтерудің педагогикалық талаптар тұрғысынан тиімділігі анықталды.

Қорыта келе, қазіргі таңда орта мектепте Тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды түсіну әдістерін жаңа технологиялармен оқыту актуальды мәселелердің бірі болып отыр және де осы жаңа технологиялардың идеялары мен практикасын толығымен келтіріледі. Жаңа технологиялық әдістердің қолданыс облысы кеңейіп практикалық қолданысқа ие.

Жұмыста оқушылардың Тригонометриялық және кері тригонометриялық функцияларды оқыту барысында олардың қабілеттерін арттыру мәселесі, түсінудің негізгі бағыттары, әртүрлі жолдар арқылы (Бірлік шеңбер, тікбұрыш арқылы, т.с.с.) тригонометриялық функцияларды ұғыну мәселесі жан-жақты талқыланды.

Ұсынылған әдістемелік ұсыныстар оқушылардың кері тригонометриялық функциялар

тақырыбын меңгеруде көптеген жеңілдіктерге әкеледі. Оқыту әдістемесі дұрыс және оқушыларға ыңғайлы түрде әзірленсе, кейін оқушыларда кері тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер тақырыбын оқуда, есептерді шығаруда қиындық туындамайды. Кері тригонометриялық функциялар тақырыбын оқыту мектеп оқушыларының білімдерін тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Севрюков П.Ф., Смоляков А.Н. Тригонометрические, показательные и логарифмические уравнения и неравенства: учебно-методическое пособие. – Москва. - Илекса. 2008. – 352 с.
2. Фалин Г.И. Фалин А.И. Обратные тригонометрические функции, 10-11 класс: учебно-методическое пособие. – Москва. - ЭКЗАМЕН. 2012. – 224 с.
3. Алпысов А.Қ., Математиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Павлодар. - ПМПИ баспасы. 2012. – 151 б.
4. Мордкович А.Г. and Семенов П.В. Алгебра и начала математического анализа. 11 класс: Методическое пособие для учителя. – Москва. - Мнемозина. 2010. - 184 с.
5. Капкаева Л.С., Теория и методика обучения математике: Методическое пособие для учителя. – Москва. - Юрайт. 2019. – 192 с.
6. Гельфанд И.М., С.М. Львовский and Тоом А.Л. Тригонометрия.: Учебное пособие – Москва - Московские учебники. 2002. – 200 с.
7. Elbaum-Cohen A. and Ben-Ari M. A Functional Approach to Teaching Trigonometry. - Rehovot - Weizmann Institute of Science. 2019. – 27 p.
8. Kendal M., Trigonometry: a comparison of two teaching methods. – Melbourne -Taylor and Francis. 1992. - 27 p.
9. Delice A., A comparative study of students' understanding of trigonometry in the United Kingdom and the Turkish republic. – Leeds - The University of the Leeds School of Education. 2003. – 291 p.
10. Гилемханов Р.Г. О преподавании тригонометрии в 10 классе по курсу. – Москва - Математика в школе. 2001. – 28 с.

### Аннотация

Рассмотрены некоторые пути совершенствования методики обучения тригонометрическим и обратным тригонометрическим функциям. В данной статье представлены эффективные методы обучения тригонометрическим и обратным тригонометрическим функциям. В работе всесторонне обсуждалась проблема повышения способностей учащихся в процессе обучения «тригонометрическим и обратным тригонометрическим функциям», основные направления понимания, вопросы понимания тригонометрических функций различными способами (через единичный круг, прямоугольник и др.). Был проведен педагогический эксперимент, в котором приняли участие 50 учащихся в контрольной группе, 50 учащихся в экспериментальной группе. В результате эксперимента на основе методики обучения школьников тригонометрическим и обратным тригонометрическим функциям были проанализированы особенности планирования работы по их проведению, их организации, организации занятий с углубленным обучением и определены источники улучшения эффективности и качества работы с учащимися.

Данная работа может быть полезна как школьникам, так и обучающимся вузов, а также преподавателю математики в качестве дополнительного материала.

### Abstract

Some ways of improving the methodology of teaching trigonometric and inverse trigonometric functions are considered. This article presents effective methods of teaching trigonometric and inverse trigonometric functions. The paper comprehensively discussed the problem of improving the abilities of students in the process of learning "trigonometric and inverse trigonometric functions", the main areas of understanding, the issues of understanding trigonometric functions in various ways (through a single circle, rectangle, etc.). A pedagogical experiment was conducted in which 50 students in the control group and 50

students in the experimental group took part. As a result of the experiment, based on the methodology of teaching students trigonometric and inverse trigonometric functions, the features of planning work on their implementation, their organization, the organization of classes with in-depth training were analyzed and the sources of improving the efficiency and quality of work with students were identified.

This work can be useful both for schoolchildren and university students, as well as for a mathematics teacher as an additional material.

ӘОЖ 541.18

**Н.Б. Шегенбаев<sup>1</sup>, Д.Төреханова<sup>1</sup>, У.Ж.Усаев<sup>1</sup>, Ж.Т.Сәрсенбаев<sup>2</sup>, Е.А.Килибаев<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторы, Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>магистр, Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>магистр, Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

\*Корреспондент авторы: [adilbek.kilibaev@aeuzov.edu.kz](mailto:adilbek.kilibaev@aeuzov.edu.kz)

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМ-ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІ

### Түйін

Инновациялық ғылым-жарқын болашаққа жасалған маңызды қадам. Білім беру және кәсіби дағдылар-қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарлары, білім беру саласындағы жұмыстың басымдықтары және әлеуметтік жауапкершілік жүйесін дамыту, ғылым мен бизнестің кооперациясы. Қазіргі уақытта тікелей назарда тұрған маңызды мәселелердің бірі-инновациялық ғылым. Бұл дегеніміз-барлық салаларда инновацияларды енгізу, үнемі жаңғырту, жаңаша бастау. Инновациялық даму дегеніміз-әлемдік деңгейде өнім шығару және жаңа нарық пен бәсекелестікке деген үздіксіз ұмтылыс. Ал бұл талпынысқа қолда бар жұмысты ғылыми-техникалық және технологиялық қамтамасыз ету арқылы ғана қол жеткізіледі. Білім және ғылым саласындағы инновациялық қызмет мемлекеттік және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық саясаттың басымдықтарына орайластырылуға тиіс.

**Кілттік сөздер:** Инновация, ғылым, Ұлттық ғылым, даму, болашақ, сапа.

Инновация-экономикалық өсу мен өркендеудің қайнар көзі. Өнеркәсіпте инновация бәсекелестік қабілетті арттырса, академиялық ортада бұл ой көшбасшылығы мен ғылыми кемелдіктің негізі болып табылады. Коммерциялық емес секторда инновация шешілмейтін мәселелерді тұрақты шешудің кілті болып табылады. Инновация 100 жылдан аса уақыттан бері ғылыми ұмтылыс әрекетінде және әр түрлі заңдылықтарды түсіну бойынша бұл салада айтарлықтай жұмыс жүргізілуде. Инженерия саласы технологиялар мен технологиялық инновациялардың дамуы барысында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Таза және қолданбалы ғылымдар жаңалықтар мен ғылыми революция процестерін кең тануға, зерттеуге мүмкіндік берді және бұл салалар инновацияларды өздері жүзеге асырды. Басқарушы ғалымдар біртіндеп және радикалды, деструктивті және қолдаушы, құзыреттілікті арттыратын және құзыреттілікті бұзатын, сондай-ақ ынталандырушы және прогрессивті инновациялар тұжырымдамалары сияқты көптеген инновациялық модельдерді жасады.

Осындай ғылыми және техникалық прогресс дәуірінде біз күн сайын күрделі жағдайларға тап боламыз, оларды шешу үшін ең заманауи технологиялар тартуға ұмытыламыз. Бүгінгі таңда барлық дамыған елдерде ғылым мен білімді инновациялық тұрғыда дамытуға баса назар аударылады. Технологияның қазіргі адамның өмірінде ерекше орын алатындығы ғылыми зерттеулер нанотехнологияларды, жаңа өнімдерді, біздің қоғамның көптеген мәселелерін шешуге ықпал ететін материалдарды құруға жаңа

мүмкіндіктер ашатынын көрсетеді. Сондықтан да Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық Ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзі қоғамда үлкен резонанс тудырды. Мемлекет басшысының келесі сөздері еліміздің ғылым саласында болатын инновациялық жаңару кезеңі жақын болашақта жүзеге асатынына сенім тудырады: "Ғылымды, техниканы және инновацияларды дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптар мен ұлттық мүдделерге сәйкес айқындаймыз".

Қазіргі уақытта қазақстандық ғылым сапалы өзгерістер кезеңінен өтуде. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар конкурстарының саны едәуір өсті, әр конкурстың ерекшеліктері мен ерекшеліктеріне бейімделген конкурстық құжаттаманы дайындау шарттары икемді бола бастады. Сонымен қатар, ғалымдарға, ғылыми жоба жетекшілеріне, ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар өзгеруде, ғылыми қызметтің өлшенетін индикаторларының бірі ретінде ғылымометриялық көрсеткіштерге ерекше назар аударылады. Бұл жағдайда бір ғалымның да, жалпы елдің ғылыми ұжымдарының да ғылыми жұмысының сапасын бағалау, өлшеу мәселелері өзекті болып отыр. Жалпы, қазақстандық ғылымның дамуында елеулі прогресс байқалады, алайда зерттеулердің нәтижелілігінің сапалы секірісі, экономиканың нақты секторымен байланыстарды нығайту қажет. Мұны ел Президенті Ұлттық Ғылым академиясының 75 жылдығына арналған отырыста ерекше атап өтті. Оларға іс жүзінде еліміздің саяси жаңғыруы жағдайында қазақстандық ғылымның жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын түбегейлі қайта құруға бағытталған іс-қимыл бағдарламасы ұсынылды және оның кейбір тұстарына тоқталғым келеді.

Ең алдымен, Ұлттық Ғылым Академиясына мемлекеттік мәртебені бекіту туралы маңызды шешім қабылданды, бұл мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды білдіреді. Академия өз тарихында дамудың қиын жолынан өтті, әлемдік деңгейдегі ғылыми мектептер мен институттар салынды, бұл оның қоғамдық өмірдегі рөлін арттырды. Алайда, шындығына келгенде Ұлттық академияның мәртебесі мәселесі қарапайым ғалымның қоғамдық мәртебесімен тікелей байланысты екенін көрсетті, онсыз ғылымға жас перспективалы кадрларды тарту мүмкін емес. Президент ашықтық пен ашықтыққа негізделген ғылыми саланы ұйымдастыруда өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу қағидаттарын енгізуді жалғастыру қажет екенін ерекше атап өтті. Бұл ретте Ұлттық Ғылым Академиясы қазақстандық шындықтың барлық салалары үшін үлгі болуға тиіс, өйткені ол анықтама бойынша біздің қоғамның неғұрлым прогрессивті бөлігін қамтиды.

Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының жұмыс форматын өзгерту жөніндегі бастама да маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта орталық іс жүзінде орындалған жобалар бойынша диссертациялар мен есептер жиналатын, сондай-ақ сарапшылардың жұмысы үйлестірілетін деректер банкі болып табылады. Мұнда мемлекет Басшысының ұсынысы өте орынды және тиімді яғни, орталық келіп түсетін ақпаратқа кешенді талдау жүргізіп, бүкіл ел бойынша зерттеулердің жай-күйін бағалап, мониторинг жүргізіп, қазақстандық ғылымның түрлі салаларының даму перспективаларына форсайттық бағалау жүргізуі тиіс. Екінші жағынан, ұлттық орталық елде жүргізілген зерттеулер туралы барлық ақпаратты қамтиды және ол ғалымдардың өндірістегі нақты тұтынушылармен байланысын жүзеге асырудың орталық буыны бола алады. Бұл жерде жеке бизнес өзекті мәселелерді шешуге қайда және кім көмектесе алатындығы туралы кеңес алу үшін келуі керек.

Қазіргі жағдайда мемлекеттің дамуы білікті кадрларды даярлаусыз және қоғамдағы мәдениеттің бағдарламалау рөлін ескерусіз мүмкін емес. Бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Әрине, ақыл мен мәдениеттің үйлесімді дамуы бала кезінен басталуы керек. Алайда, ғылымның, мәдениеттің және кәсіби құзыреттіліктің бірігуінің апофеозы университет ортасына түседі. Сондықтан жоғары оқу орындарында жоғары құқықтық және саяси мәдениеті, әлеуметтік белсенділігі және азамат-патриоттың қасиеттері бар болашақ

бәсекеге қабілетті маманның жеке басының жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиісті жүйені құру маңызды.

Қазақстанда саяси жүйені демократияландыру процесі жүріп жатыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысы жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін арттыру бойынша жаңа міндеттер қойып отыр. "Дәл осындай мәдениет саяси саладағы радикализм мен популизмге қарсы тұрудың басты факторы болып табылады. Мұнда көп нәрсе қоғамның жетілуіне, саналылыққа және барлық азаматтардың жасампаз қатысуына байланысты, өйткені демократия – әрқайсымыздың күнделікті қажырлы еңбегіміз. Бұл постулат азаматтар арасында, әсіресе жастар арасында тұрақты және түсінікті түсіндіруді қажет етеді. Бұл тұста ғылыми қоғамдастықтың рөлі зор", -деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазіргі қазақстандық қоғамның, оның тұрақтылығын қамтамасыз етудің, қазақ мемлекеттілігін нығайтудың қуатты шоғырландырушы факторы патриотизм болып табылатынын атап өткен жөн. Президент бұл үдерістегі зиялы қауымның рөлін ерекше атап өтті. Бүгінгі таңда жастарды тәрбиелеудің ескі әдістері тиісті нәтиже бермейтіні және сәйкесінше жастармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдері қажет екендігі белгілі болды. Бүгінгі ұрпақ Тәуелсіз Қазақстан жағдайында түбегейлі өзгеше тарихи және саяси кеңістікте өскені құпия емес. Сондықтан ғылымның пәндік саласына азаматтық белсенділік, жастарды саяси әлеуметтендіру институттарының тиімділігі, жастарды радикалдандыру индикаторларын анықтау, заңды құрылымдар мен жастардың мүдделерін білдіру тетіктерін дамыту мәселелері бойынша зерттеулер көбірек енгізілуі керек.

Инновациялық ғылым жаңалықтар мен ол жаңалықтарды қолдану арасындағы алшақтықты жойып, қоғамның дамуына құнды үлес қоса алатын құрал. Қолданылатын, масштабталатын, оқытылатын инновацияны түсінікті қабылдаудың катализаторы, көшбасшылықтың көзі және дамудың қозғалтқышы болып табылады. Инновациялық ғылымы дамыған ел - бүкіл әлемде көшбасшы ел қатарына ене алады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Инновации в науке и образовании / Под ред. Л. С. Подымовой, А. В. Лукиновой. М.: Прометей, 2014, 16с.
2. Коршунова Н. Л. Статус инноваций в современном мире, причины неудач и перспективы осуществления нововведений в российской социальной практике и ее образовательном сегменте // Наука и образование: современные тренды, 2014, Т.1. № 4, С. 21-30
3. Андрейчиков А. В. Стратегический менеджмент в инновационных организациях : системный анализ и принятие решений. М.: Инфра, 2013, 394 с.
4. Баев Л. А. К вопросу о категорийной системе оценки и управления инновационным развитием // Менеджмент в России и за рубежом. – 2013. – № 3. – С. 20-27.
5. Что такое инновации. Доступно на: <https://www.nkj.ru/archive/articles/19511/> (от
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ». Мына сілтемеде: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (16 наурыз 2022ж.)
7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ». Мына сілтемеде: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (1 қыркүйек 2022ж.)

### Аннотация

В статье «Инновационная наука – основа нового Казахстана» автор ярко выражается о важности развития инновационной науки современного Казахстана. Инновационная наука – это важный шаг на пути к светлому будущему. Образование и профессиональные навыки – ключевые



ориентиры современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров, приоритеты работы в сфере образования и развитие системы социальной ответственности, кооперация науки и бизнеса. В этой связи следует отметить, что в сфере образования, науки и инноваций реализуются поиски по новым направлениям. Одним из важнейших вопросов, стоящих в настоящее время непосредственно в центре внимания, является инновационная наука. Это значит-внедрять инновации во всех сферах, постоянно модернизировать, начинать по-новому. Инновационное развитие означает производство продукции на мировом уровне и непрекращающееся стремление к новому рынку и конкуренции. А это стремление достигается только путем научно-технического и технологического обеспечения имеющейся работы. Инновационная деятельность в области образования и науки должна быть приурочена к приоритетам государственной и региональной научной и научно-технической политики.

#### **Abstract**

In the article "Innovative science – the basis of new Kazakhstan" the author clearly expresses the importance of the development of innovative science in modern Kazakhstan. Innovative science is an important step towards a bright future. Education and professional skills are the key guidelines of the modern education system, training and retraining of personnel, priorities of work in the field of education and the development of a system of social responsibility, cooperation of science and business. In this regard, it should be noted that in the field of education, science and innovation, searches are being carried out in new directions. One of the most important issues currently directly in the spotlight is innovative science. This means introducing innovations in all areas, constantly modernizing, starting in a new way. Innovative development means the production of products at the global level and the incessant pursuit of a new market and competition. And this aspiration is achieved only through scientific, technical and technological support of the existing work. Innovative activity in the field of education and science should be timed to the priorities of the state and regional scientific and scientific-technical policy.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР  
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ  
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES**

ӘОЖ 633.581.9: 582.5

**Т.С. Ибрагимов<sup>1\*</sup>, Е.Б. Исаев<sup>1</sup>, Е.С. Ибрагимов<sup>2</sup>, Х.К. Кидирбаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>б.ғ.к., М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>б.ғ.к., М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>а.ш.ғ.к., Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан

<sup>1</sup>б.ғ.к., М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

\*Корреспондент авторы: ecopastbish@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ҚҰМДЫ ШӨЛ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕР  
ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ АЙМАҚ АРАЛЫҚТАРҒА БӨЛІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түйін**

Мақалада Қазақстанның шөл аймақтарындағы табиғи жайылымдардың физико-географиялық және топырақ климаттық ерекшеліктеріне қарай үш аймақаралықтарға бөліну ерекшеліктері мен ондағы табиғи жайылымдардағы өсімдіктер жамылғысының таралу заңдылықтары мен өсімдіктердің тіршілік формаларына талдаулар жасалды. Онда оңтүстік шөл аймақтарындағы өсімдік жамылғыларындағы негізгі формация және ассоциация құратын өсімдік түрлеріне сипаттама берілді. Геоботаникалық зерттеулер нәтижесінде ауыспалы жайылым жүйесіндегі ерекшеліктер мен табиғи жайылымдардың шығымдылығын арттыруда мәдени екпе жайылымдар жасау жолдары қаралды.

Қазіргі таңдағы басты мәселе осы әр бір аймақаралықтарда таралған табиғи өсімдіктер жамылғысының биоэкологиялық ерекшелігі яғни жергілікті жердің физико-географиялық, топырақ климаттық ерекшеліктеріне бейімделген өсімдіктердің түрін білу, малды табиғи жайылымда жаиуда ауыспалы жайылым жүйесін дұрыс пайдалануда ғылыми негізделген әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асыру тақырыптың өзектілігін ашады.

**Кілттік сөздер:** шөл аймақ, оңтүстік шөл аймақаралық, табиғи жайылымдар, өсімдіктер қауымы, таралу аймағы; геоботаникалық зерттеулер

**Кіріспе**

Кеңбайтақ Қазақстан аумағында агроөнеркәсіптік кешенін дамытуда 187 млн га жайылымдық жер бар, онда ауылшаруашылығы малдары мен қоса көптеген жабайы аңдар да жайылады.

Қазақстанның шөл аймақтарындағы табиғи жайылымдар физико-географиялық және топырақ климаттық ерекшеліктеріне қарай үш аймақаралықтарға бөлінген. Олар Солтүстік шөл аймақаралығы, Орталық шөл аймақаралығы мен Оңтүстік шөл аймақаралығы. Әр бір аймақаралықтың өздеріне тән климаттық ерекшеліктеріне байланысты өсімдік жамылғылары қалыптасқан [1]. Қазіргі таңдағы басты мәселе осы әр бір аймақаралықтарда таралған табиғи жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізгі ерекшелігі яғни жергілікті жердің физико-географиялық, топырақ климаттық ерекшеліктеріне бейімделген өсімдіктердің түрін, сұрыптарын егу арқылы және мәдени екпе жайылымдарды жасауда түрлі агротехникалық іс-шараларды дұрыс қолдану мен малды жайылымда жаиуда жайылым ауысу жүйесін дұрыс пайдалануда ғылыми негізделген әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асыру тақырыптың өзектілігін ашады.

Оңтүстік құмды шөл аймақтарындағы өсімдіктер жамылғысына қарқынды антропогендік және техногендік әсерге ұшырауда. Өсімдіктерге әсердің күшеюі әртүрлі аймақтардағы өсімдіктер қауымдастықтардың құрамы мен құрылымында айтарлықтай

өзгерістер тудырды - шөл, жартылай шөлейт, тау бөктері. Нәтижесінде көптеген доминантты өсімдіктер мен олардың қауымдастықтарының әртүрлілігі төмендеді, олардың өнімділігі мен жаңару қабілеті төмендеді.

Қазақстанның оңтүстігі Жамбыл, Түркістан және Қызылорда обылысының табиғи жайылымдарының көлемі 28 952,4 га құрап отыр және оның басым бөлігі шөл және шөлейт аймағында орналасқан [2]. Табиғи жайылымдық жерлердің көлемі мол бола тұрса да, олардың шағымдылығы мен өнімдердің төмендігі жылма жыл өзгеруі, мал шаруашылығын тұрақты дамытуда көп қиындықтар туғызуда.

Өткен ғасырдың басында елімізде 90 миллионға жуық мал болған, ал қазіргі таңда мал басының саны 30 миллион шамасында болып отыр, яғни оның ішінде қой ешкі саны 17 миллионға жуық, 6 миллионға жуығы ірі қара мал, 2 миллионға жуығы жылқы болып отыр [3]. Түрлі саяси эканомикалық, әлеуметтік оқиғалардың салдарынан табиғи жайылымдықтарда экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу әсері осы күнге дейін жалғасуда.

Шөл аймақтардың топырақ құрамы мен құнарларының нашарлығы, құмшауыт алқаптарының басым екендігі, қатты өкпек желдердің соғуы және ауа райыны құрғақ екені көп жағдайларда ескерілмей, оларды жүйесіз пайдалану етек алды, жайылымдарды сақтау мен пайдалану арасындағы қатынастар сақталмай нәтижесінде табиғи жайылымдардың өнімділігі азайып тоза бастады. Нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік аймағында тозған жайылымдық жерлердің үлесі Жамбыл облысында 1267,2 га, Түркістан облысында 1339,9 га және Қызылорда обылысында 2151,7 га жетіп отыр [2]. Сонымен қатар, соңғы жылдары қалыптасқан климаттық жағдайлар (Дауыл, құрғақшылық, шөлдену) табиғи жайылымдарды ұтымды пайдаланудың экологиялық ахуалын одан әрі ушықтыра түсуде. Өсімдіктер жамылғысының сиреуіне едәуір әсер етіп отырған климаттық жағдайдың орны ерекше. Былтырғы жылдың құрғақшылық кезеңі жұртшылыққа қатты әсерін тигізді. Қазақстанның оңтүстік аумақтарында жауын шашынның аз түсуіне байланысты өсімдіктер қауымдастарының төмен болуы және жемшөп өндірісінің аз болуына байланысты көптеген малдың түрлері қырылып қалғаны белгілі. Сондай ақ 2021 жылдың қараша айында болған қатты шаңды дауыл. Оңтүстік батыстан тұрған бұл желдің әсері Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Өзбекстан Республикасының Джизак, Навой, Бухара және Самарқанд облыстарында қатты жылдамдықпен тұрып қоршаған орта мен адамзатқа кері әсерін тигізді. Қатты тұрған дауылдан шөлді аймақтың топырақ бетіндегі шаң-тозаң мен құм бөлшектері ауаға көтеріліп шаң бұлт түзген. Көлік жүргізушілері 1-2 метрден еш нәрсе көре алмай қалғаны, шаңды дауыл мен тұман атмосфералық ауанының көтерілуін нашарлатқан. Жалпы гидромет бақылау мекемелерінің мұндай құбылыстың соңғы 150 жыл аралығында болмағанын айтуда [4]. Міне осындай жағдайларды көре отыра біз алдын алу іс-шараларын жасауымыз қажет. Ол деген шөл және шөлейт аймақтарда бос жатқан жерлерде қуаңшылыққа төзімді өсімдіктердің түрлері мен сұрыптарын егу, орман жолақтарын, жайылым жолақтарын жасау, мәдени екпе жайылымдар жасау жұмыстарын шұғыл түрде жасауымыз қажет.

Қазақстанның оңтүстік шөл аймақтарында тұрақты өнімді күйде ұстау үшін доминантты өсімдіктер мен олардың қауымдастықтарының қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктері, олардың қазіргі жағдайы, табиғи өсімдік ресурстарын пайдалану динамикасы туралы білім ерекше өзекті болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты:** Қазақстанның оңтүстік шөл аймақтарындағы табиғи шөл жайылымдардың өсімдік жамылғыларын жақсарту.

**Зерттеудің міндеттері:** Қазақстанның оңтүстігіндегі шөл аймақаралығының физико-географиялық ерекшеліктерін анықтау; геоботаникалық ерекшеліктеріне сипаттама беру; ауыспалы жайылым жүйесіндегі ерекшеліктер мен табиғи жайылымдардың шығымдылығын арттыруда мәдени екпе жайылымдар жасау жолдары

**Зерттеу әдістері мен тәсілдері** Жүргізілген жұмыстың зерттеу аймақтары Қазақстан шөл аумағының оңтүстік аймақаралықтарында таралған табиғи жайылым өсімдіктері.

Зерттеу нысаны: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданына қарасты Түйесу құмды массиві. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қарасты құмды шөлдер мен Түркістан облысы, Шардара мен Отрар ауданына қарасты табиғи фитоценоздар мен түрлі сатыдағы тозған табиғи жайылымдық жерлер алынды.

Жайылым өсімдіктерінің ауысу ерекшеліктерін трансект және антроподинамикалық қатар әдістері арқылы жүргізілді. Геоботаникалық тіркеулер кезінде мынандай нәрселер есепке алынды: Түрдің флоралық құрамы; геоботаникалық жағдайы; ландшафтағы жағдайы (береді); жоспарлы жабыны; фенофазасы; друде молшылығы; өміршеңдігі; тіршілік формасы; түрлердің жалпы бөліну ерекшелігі; синатроптық түрлерді талдау кіреді [5,6,7].

Гербарий жинау және оларды өңдеу жұмыстарына жалпыға бірдей А.К Скворцовтың қабылданған гербарий жинау және кептіру әдістемесі бойынша жүргізілді және таксондарды айқындауда салыстырмалы морфологиялық-географиялық әдіс қолданылды. Жиналған гербарийдегі түрлерді анықтау [8], жүйелеу және олардың конспектісін түзу үшін «Флора Казахстана», «Иллюстрированный определитель растений Казахстана», «Флора Казахстана» [9,10,11], еңбектері пайдаланылды. Өсімдіктердің түрлері мен туыстарының латынша, қазақша атаулары С. Арыстанғалиевтің, С. Абдулинаның және Н.Аралбайдың [12,13,14], еңбектерінен алынды. Тіршілік формаларын талдауда Серебряковтың еңбектері пайдаланылды. Өсімдіктің биоморфологиялық ерекшеліктерін латенттік, виргинильдік және генеративтік өсіп-өну кезеңдерінде Т.А. Работнова әдістемесімен байқадық [15,16].

Зерттеулер кезінде өсімдіктердің ауысу себептерін антроподинамикалық қатар әдістері арқылы байқадық. Онда: мал жайылған кездегі өсімдікке механикалық әсерлер (таптау, жол дигрессиясы) топырақ үстінің бұзылуы, өсімдік сабақтарының сынуы т.б. Торфикалық әсерлер - мал жайылым кезінде қандай өсімдікті көп және аз жеуі, экожүйедегі жайылымның табиғи ескеруі және ауыспалы жайылым ерекшелігі.

**Зерттеу нәтижелері** Қазақстанның шөл далалары ежелгі жер орта облысының Сахара-Гоби аумағына орналасқан. Сахара-Гоби облысы шағын 3 облысқа бөлінеді: Сахара-Синдті, Орта Азиялық және Иран-Тұрандық болып бөлінеді. Осы шағын облыстың ішіндегі Иран-Тұрандық Қазақстанның шөл даласын алып жатыр. Жалпы жер кодексіне сәйкес Қазақстан аумағын 10 аймаққа бөлінген. Онда шөл аумақтар: Шөл, жартылай шөлейт және субтропикалық шөлдер болып бөлінген. Көлемі жағынан шөл - 112,1 млн га, жартылай шөлейт - 37,2 млн га және субтропикалық шөлдер - 4,4 млн га жерді алып жатыр [17]. Мұндағы әр бір аймақ өзінің флорасымен ерекшеленеді: туыс өсімдіктердің сапалылығы, бағалы өсімдіктердің негізгі түр ерекшеліктері, сирек кездесетін туыстық өсімдіктердің эндемикалық түрі, түрлердің белгілі географиялық ориентациясы және фитоценотикалық ерекшеліктеріне қарай олар 3 провинциальдық топ немесе аймақаралыққа бөлінеді: 1) (Солтүстік-Тұрандық); 2) Жоңғар-Тұрандық және 3) Оңтүстік-Тұрандық [18] (1-ші кесте). Мұндағы Оңтүстік-Тұрандық шөл аймақаралығына Түркістан облысы, Шардара ауданына қарасты Нәлібай тәжірибе жайы мен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қарасты Қумян тәжірибе жайы және Маңғыстау облысы, Қарақия ауданына қарасты Түйесу құмды массиві кіреді. Қызылқұм мен Түйесу құмның бедері жан-жаққа шашырай орналасқан ірі құм жоталардан тұрады. Жоталардың ұзындығы 5-10 км, көлденеңді 150-200 м жетеді.

Құм жоталардың ортасында тың жерлерге ұқсаған 4-5 км (көлденеңді) болатын жазықтар кездеседі. Жота аралықтарындағы бұл көріністер бір-бірімен ұласып жоталы-ұяларға ұқсап кетеді.

Кесте 1 - Қазақстанның шөл аймақтарының аймақ және аймақаралық бөлінуі

	Аймақ	Солтүстік аймақаралық	Орталық аймақаралық	Оңтүстік аймақаралық
облыс		Сахара-Гоби шөлі		
шағын облыс	шөл	Иран-Тұран шөлі		
провинция тобы		Солтүстік-Тұрандық	Жоңғар-Тұрандық	Оңтүстік Тұрандық
провинция		1. Солтүстік Каспий және Арал маңы 2. Бетпақдала (Орталық Солтүстік-Тұран)	Балқаш маңы	Каспий маңы мен Оңтүстік Қызылқұм маңы (Оңтүстік-Тұран)
кіші провинция				

Кейбір жерлерді теңіз деңгейінен 30-40 метр биіктікке орналасқан құм бархандарының бұзылған сұлбалары кездеседі, бұның барлығы малды жүйесіз жайғаннан пайда болғандар. Бұл жердің бедері малды қойды жыл бойына бағуға өте ыңғайлы. Сонымен қатар мұнда кездесетін өсімдіктердің таралу ерекшеліктері, осы жер бедерінің фитоценологиялық ерекшеліктеріне байланысты.

Эдафикалық жағдайлардың әртүрлі болуы мен климат өзгерістері өсімдіктердің де әртүрлі формада болуына әкеледі.

Қазақстанның оңтүстік шөл аймақтарының негізгі өсімдік жамылғысы – эфемерлер мен бұталы өсімдіктер. Бұл өсімдіктер көктемде түсетін ылғалдың аздығына байланысты вегетациялық мерзімінің көктемнің аяғында, кейде жаздың басында аяқталғанына төзімді және соған бейімделген. Жиі кездесетін өсімдіктер түйе тікен (*Larula spinocarpis*), қалталы ебелек (*Ceratocarpus arenarins*), шөл жауышысы (*Alyssum desertorum*), павлин қызғалтағы (*Paraver proceum*), шығыс мортығы (*Eremopyrum orientall*), түркістан шатыры (*Malkolmia turkistanica*), қоңырбас (*Bromus*), киікоты (*Ziziphora tenior*), жеке жапырақты таспашөп (*Astragalus filicaulis*), қасқыржем (*Diarthron vesuculosum*) т.б. көктемде – жазда вегетацияланатын өсімдіктер. Тағы да хрзофора (*Chrozopora*), соран (*Horaninovia ulicina*), саған (*Girgensohnia orostiflora*) және басқа да бір жылдық өсімдіктер. Өсімдіктер жамылғысын жасауда көпжылдық шөптесін өсімдіктер орасан зор роль атқарады. Ол өсімдіктердің вегетация мерзімі де биоморфологиялық құрылымы да бір-біріне ұқсамайды. Олардың арасындағы негізгілері эфемеройдтар. Оларға: пиязшықты қоңырбас (*Poa bulbosa*), раң (*Carex*), қазпияз (*Gagea stipitata*), жіңішке жапырақты шырыш (*Eremurus stenophullus*), сарғалдақтар (*Ranunculus*), қызғалдақтар (*Turpula*), құртқашаш (*Iris soncorica*), көбеңқұйрық (*Cousinia*), боз (*Stipa lessingiana*) т.б. Сабақтары жуан сасық сасырлар, кеурек кездеседі. (*Ferula foetida*) және татар рауғаш (*Rhleum tatarski*). Көпжылдық өсімдіктерден вегетациялық мерзімі ұзақ таспашөптер бар (*Astragalus*). Ақ және сұр жусандар төбешік етектерінде кейде тұтас, кей жерлерде сирек болып өседі. Бұталы және жартылай бұталы өсімдіктерден жүзгін өсімдігі өседі және (*Callogonum*), теріскен (*Kraschinkovia ceratoides*), шоған (*Aellinia subarphulla*). Көп жылдық тұрақты өсімдіктермен қатар танапта бір жылдық арам шөптер де көптеп кездеседі. Оларға жататындар: Паульсен сораны (*Salsola Paulseni*), бүрген (*Artemisia scoraria*), адыраспан (*Peganum harmala*), есекмия (*Gaebelia alopecuroides*), аққурай (*Heliatropium argusiodes*) т.б. Зерттеліп жатқан аумақта тек қана әр түрлі өсімдік түрлері ғана емес, өсімдік топтары мен қауымдастары да қаралған. Олар өз алдына жайылым бедерін айқындайды, жайылымның құнарлы азықтық дәрежесін көтереді. Көктемде көптеп өсіп шығатын өсімдіктер дүниесі бұл жайылымды көктемнен бастап күзге дейінгі аралықта

қалыпты жағдайда ұстап тұра алады. Бірақ олардың жылдық өнімділігі төмен 1,5-3,0 ц/га. Бұл жайылымдардың басқалардан айырмашылығы азықтық өсімдіктерге кедей, көпжылдық өсімдіктердің аз болуы бұл жердің флорасының толық емес екендігін көрсетеді.

Оңтүстік шөл аймақ өзінің ерекше флористикалық байлығымен және эндемикалық түрлерімен қызықты аймақтардың бірі. Мұнда ағаш-бұта түрлері мен эфемерлі шөптесін өсімдіктердің алуан түрлілігі шоғырланған, олардың едәуір бөлігі өсімдік жамылғысының басым бөлігі болып табылады және халық шаруашылығы үшін өте қажет. Сонымен қатар, эндемикалық және сирек кездесетін қатары азайып бара жатқан өсімдіктер түрлері де жеткілікті. Мұнда маңызды және қызықты ағаш-бұта қауымдастықтарының доминанттары шоғырланған.

Өсімдіктер қауымдастығында жетекші орын алатын бұталы өсімдіктер яғни органикалық заттардың негізгі бөлігін жинақтайтын экожүйе биомассасының негізгі бөлігін өндірушілер болып табылады. Бұл халық шаруашылығында қолданылатын жайылымдық және орман алқаптарының өсімдік ресурстары, сондай-ақ дәрілік, азық-түлік, бояу, сәндік және басқа да пайдалы өсімдіктер. Доминанттардың көпшілігі жергілікті жағдайларға толық бейімделген және кең экологиялық диапазонға ие.

Оңтүстік шөл аймақтарында кең таралған псаммофитті ағаш-бұта доминанттарының тобына ақ және қара сексеуілдер (*Haloxylon persicum*), (*Haloxylon aphyllum*) жатады, олардың көптеген қауымдастықтары бекітілген жоталы, ірі - жоталы, сондай-ақ кедір-бұдырлы, әлсіз бекітілген құмдарда қалыптасады. Зерттеу аймағында ақ сексеуіл илак, жусан және қара сексеуіл, чогон, жүзгінмен бірқатар қауымдастықтар құрайды.

Сондай ақ оңтүстік шөл аймақтың аймақ аралықтарында жүзгін *Calligonum* өсімдігінің түрлері көп таралған. Олар тарандар тұқымдасының бір туысы. Қызылқұммен Түйесу құмды массивтерінде туыстың медузаның басы жүзгін – жузгун голова Медузы – *Calligonum carut medusae*. түрі басым өседі. Бойы 1-2 м жететін бұталы өсімдік. Сабағының түсі ашық, сұр немесе сары сұр болады. Аймақтың жалқұмдарында өседі. Өсімдік қауымдарында басқа да түрлер яғни майда жемісті жүзгін – жузгун мелкоплодный – *Calligonum microcarpum* Borszcz., Кәдімгіжүзгін – жузгун обыкновенный – *Calligonum commune* (Litv.). Жапырақсыз жүзгін – жузгун безлистный – *Calligonum aphyllum* Guerke, Қатты қанатты жүзгін – жузгун жесткокрылый – *Calligonum rigidum* Litv. Қызылқұмдық жүзгін – жузгун кызыл-кумский – *Calligonum kзыl-kumi* Pavl. Түкті жүзгін – жузгун щетинистый – *Calligonum setosum* Litv. т.б.

Рихтер шеркезі (*Salsola richteri*) сонымен қатар жиі кездеседі, Ақ сексеуілдер, жүзгіндер мен қоянсүйектің құрамына кіреді, бірақ доминант ретінде аталған түрлерге қарағанда әлдеқайда аз. Жалпы шеркез бархан құмдардың оңтүстік батыс беткейлері мен құдықтарға, жайылымға арналған қарқынды учаскелерге жақын орналасқан. Шеркез раңды, сіңіргенді және жусан түрлерімен таралған қауымдастықтар құрайды.

Құмды шөлдерде кең таралған жартылай бұталы доминанттарға ақ сексеуілдер мен жүзгіндердің көптеген қауымдастықтарының субдоминанты болып табылатын басты жусан (*Artemisia diffusa*) жатады. Доминант ретінде басты жусан көбінесе жота аралық ойпаттарда кең таралған, мұнда құмның салыстырмалы түрде аз қабаты шаңды бөлшектермен байытылған және құмды жоталардың солтүстік беткейлерінде, мұнда оңтүстік беткейлермен салыстырғанда топырақтың пайда болу процесі әр түрлі дәрежеде басым болады. Құмды топырақтардың бетінен содоминанттар ретінде тұран жусаны, таспа түрлері мен раңдар басымдылық танытады..

Шөпті псаммофитті, ең көп таралған доминанттар тобына құмды бетті қопсытып, қауымдастық өмірінде ерекше рөл атқаратын ісінген раң-шөгінді (*Carex physodes*) жатады. Раң - бұл бәсекеге қабілеттілігі мен едәуір экологиялық икемділігі бар тамырлы эфемероид, қуатты құмдарда да, қуаты аз құмды шөгінділерде де, борпылдақ құмдарда да, құмды сазды топырақтарда және аздап тұздалған құмдарда дамиды. Оның дамуының оңтайлы шарттары орташа борпылдақ құмдар.

Селин (*Aristida pennata*)-көптеген қауымдастықтарға тұрақты қатысатын түйнек-жоталы құмдарда кең таралған түр, бірақ сирек жағдайларда ғана ол шағын аудандарда негізгі доминант ретінде әрекет етеді.

